



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Мишааль әл-Ахмад әл-Джабер ас-Сабах пен оның отандастарын Кувейт Мемлекетінің Ұлттық күнімен құттықтады.

Президент достық пен өзара қолдауға негізделген екіжақты қарым-қатынастар халықтарымыздың игілігі жолында алдағы уақытта да нығая беретініне сенім білдірді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ІСКЕ АСАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Power International Holding (PIH) компаниясының басшылары Муатаз Әл-Хаят пен Рамез Әл-Хаятты қабылдады.

Әңгімелесу барысында энергетика және телекоммуникация салаларында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру перспективасы қарастырылды.

Президенттің айтуынша, газ өңдеу, тасымалдау және қуат өндіру салалары Қазақстан мен Қатар арасындағы инвестициялық ықпалдастықтың негізі саналады. Бұл бағыттағы ауқымды жобалар еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне елеулі үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысына PIH компаниясының телекоммуникация нарығындағы қызметін кеңейту жоспары баяндалды. Холдинг мұны Mobile Telecom Service (Tele2) байланыс операторын сатып алу келісімшарты аясында іске асырмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев компания осы арқылы телекоммуникация инфрақұрылымын жаңғыртуға, қызметтің сапасы мен халыққа қолжетімділігін арттыруға септігін тигізетініне сенім білдірді.

Кездесу сонында Қазақстан Президенті мен PIH компаниясының басшылары өзара ықпалдастықты одан әрі жандандырып, перспективті инвестициялық жобаларды іске асыруға бейіл екенін растады.



ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ДҮБІР: ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ ТҮЙТКІЛІ ШЕШІЛЕ МЕ?

Тек дәстүрлі кәсіп емес, экономиканың келешегі мол стратегиялық арнасы саналатын салаға Президент айрықша көңіл бөлді. Биылғы Жолдауында саланың қазіргі «ұятты» ахуалын ашық сынады және нақты міндеттер жүктелді. Алға қойылған мақсаттар ауқымды: мал басын көбейту, экспортты еселеу, ішкі нарықты толықтай төл өніммен қамту. Алайда өршіл жоспарлардың тасасында шешімін таппаған ветеринариялық қауіпсіздік, кадр тапшылығы, импортқа жалтақтау, мүдделер қайшылығы секілді көлденең мәселелер мен мұндайды.

— Министрлік мал шаруашылығы саласындағы агробизнесті қолдау жоспарын әзірлеп, нақты қаржыландыру шараларын бастауы керек. Басты мақсат — ішкі нарықты етпен толық қамтамасыз ету. Саланың экспорттық әлеуетін күшейту, елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту — Үкіметтің стратегиялық міндеті. Әрине, өзімізді 100% қамту мүмкін емес, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят, — деді К.Тоқаев.

АҚОРДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗЫН МАРАПАТТАДЫ



Ақорда резиденциясында XXV Қысқы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Михаил Шайдоров пен оның жаттықтырушыларын марапаттау рәсімі өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада сөйлеген сөзінде Қазақстан үшін бұл Олимпиаданың орны ерекше екенін айтты.

— Отандасымыз Михаил Шайдоров тамаша өнер көрсетті. Мәнерлеп сырғанаудан алтын медальға ие болып, көк Туымызды Олимп шыңына көтерді. Сондықтан Михаилға алғысымды білдіріп, құтты болсын дегім келеді. Ақордада жиналып отырған адамдарға, ең алдымен, Михаилдың әкесі мен жеңімпаздың бапкеріне ризашылығымды айтамын. Баршаның тағы да шын жүректен құттықтаймын! Сіздер қажырлы және табанды еңбектің арқасында Михаилды мықты спортшы, нағыз дарын иесі ретінде бүкіл әлемге паш еттіңіздер. Халқымыз Михаилды мақтан тұтады, ал жас буын одан үлгі алады. Олимпиада жеңімпазы болу — биік мақсат жолында кез келген қиындықты жеңу, яғни ұзақ әрі күрделі жолға дайын болу деген сөз. Темірдей тәртіппен күн сайын тынымсыз жұмыс істеген адам ғана зор табысқа жетері анық, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровтың жеңісі еліміз үшін теңдесі жоқ жетістік саналатынына назар аударды.

— Біріншіден, бұл — көптен күткен, яғни 32 жылдан кейін қол жеткізген тарихи жұлде. Екіншіден, бұл — мәнерлеп сырғанаудан ел қоржынына түскен алғашқы Олимпиада алтыны. Үшіншіден, күллі әлем елімізде әйгілі спортшы Денис Теннің жолын жалғастыратын дарынды жастардың бар екеніне куә болды. Михаил Шайдоровтың Олимпиадада көрсеткен керемет өнері, сөзсіз, тарихи жетістік, нағыз триумф. Кортина д'Ампеццо мұз айдынында отандасымыздың жұлдызы жарқырады. Бұл — Олимпиада чемпионының өзін-өзі шыңдап, өз күшіне сенгенінің, мәнерлеп сырғанау сияқты аса қиын спорт түріне деген ерекше махаббатының жемісі, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Олимпиада чемпионының әкесі әрі алғашқы бапкері Станислав Шайдоровтың еңбегіне айрықша тоқталды.

— Станислав Александрович — мәнерлеп сырғанаудан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Әкесі, тұңғыш бапкері ретінде Михаилдың мұз айдынындағы алғашқы қадамын жасауға көмектесіп, өмірдің ең қиын сәттерінде әрдайым ұлының жанында болған адам. Мемлекет басшысы ретінде Қазақстан Республикасының көк Туын әлемнің басты спорт аренасында биік желбіреткен осындай ұлды, отаншыл азаматты тәрбиелегеніңіз үшін Сізге шын жүректен алғыс айтамын. Баспасөз бетіндегі сұхбатыңызды оқып шықтық. Михаилдан мейіріміндізді аямай, талантты перзентіңіздің спорттағы ерекше миссиясына тигтей де күмән келтірмей, әкелік парызыңызды адал әрі лайықты атқардыңыз. Биік шыңға апарар бұралаң жолдан бірге өттіңіздер. Енді сол табанақы маңдай тердің жемісін көріп, құрмет пен қошеметке бөленіп жатсыздар. Бүгінде халқымыз Сіздерді ардақ тұтады. Отаншылдықтың нағыз үлгісін көрсеткендеріңіз үшін еліміз Сіздерге ризашылығын білдіреді. Жұртшылықтың алғашың алғысы мен құрметіне мен де қосыламын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент чемпионның бапкері, әйгілі спортшы, 1994 жылғы Олимпиада жеңімпазы, әлем чемпионы Алексей Урмановқа ыстық ықыласын білдірді.

— Мәнерлеп сырғанау спортындағы білікті маман ретінде ерен жетістіктеріңізді жалғайтын лайықты ізбасар дайындалдыңыз. Сол үшін Сізге зор алғыс айтамын. Осынау тамаша табысқа салалық министрлік, федерация, сондай-ақ атакты боксшымыз, жақында есімі Дүниежүзілік бокс даңқы зальна жазылған Геннадий Головкин басқаратын Ұлттық Олимпиада комитеті елеулі үлес қосты. Отандастарымыз спорттық бәсекеңіз қиындықтарын, әсіресе, еркін бағдарламадан кейінгі Михаилдың күрделі жағдайын тебіреніспен бақылап отырды. Бірақ ол тәуекелге барып, жер-жаһанның басты байрақты бәсекесіндегі жеңісті жұлып алды. Бұл да кездейсоқ емес. Өзіне берілген жалғыз мүмкіндікті екінің бірі сәтті пайдалана алмайды. Әдетте жарысқа түскенде «бак шаба ма, бап шаба ма» деп жатады. Бірақ «енбек — бәрін де жеңбек» деген ұлағатты да ұмытпайық. Михаилдың жеңісі мыңдаған жастарымызды спортпен шұғылдануға жігерлендірді. Еңбек етсең, ерік-жігерің мұқалмай, батыл әрекет қылсаң, кез келген, тіпті қол жетпестей көрінетін арманның өзі орындалатынына сенімін күшейтті. Бүгінде еліміздегі мыңдаған ұл-қыз Михаил Шайдоровқа қызыға қарап,

еліктейді, даңқты спортшы болғысы келеді. Демек, еліміздің ұлдары әлемдік спорттың биігінде жарқырай көрінетін күн алда. Барша Олимпиада чемпиондарының аты әлем спортының жылнамасына жазылады, олардың жетістіктері Лозаннадағы Халықаралық Олимпиада комитетінің музейінде тіркеледі. Енді түрлі елдің туристері Михаил Шайдоровтың 2026 жылғы Олимпиададағы тамаша жеңісі туралы білетін болады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет тарапынан бұқаралық және кәсіби спорттың дамуына қолайлы жағдай жасалатынын айтты. Бұл — мемлекеттік саясаттың басым бағыты.

— Олимпиададағы нәтиже әрқашан ел дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі саналған, алдағы уақытта да солай бола бермек. Қазақстан осы жарыстарға қатысқан спортшылардың саны жағынан 25-орынға табан тіреді. Біз алдына мақсат қойған әр еңбекқор жан өзінің қабілет-қарымын көрсете алатын, соның ішінде спортта көздеген биігіне жетуі үшін мол мүмкіндікке жол ашатын Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Адал бәсеке, меритократия, тәртіп пен жауапкершілік, бұл — үлкен спорттың да, кез келген қуатты мемлекеттің де дінгегі. Ұлттың жасампаздық қуатын арттыру республикалық референдумға шығарылған жаңа халықтың Конституция жобасының негізгі мазмұндық өзегі болып отыр. Ата Зандағы әділдік, тәртіпке бағыну, табиғатты аялау, отаншылдық қағидаттары мемлекет іргесін бекемдеп, өркендеудің қозғаушы күшіне айналады, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, мемлекеттердің дамуы да үлкен спортқа ұқсас: кім алдына биік мақсат қояды, табанды еңбек етеді, бірлесіп жұмыс істейді, сол жетістікке жетеді.

— Бүгін біз жеңіске жетуге бар күш-жігерін жұмсап, жеке рекордтарын жаңартқан Михаил мен ұлттық құрама мүшелерін құттықтаймыз. Кейбір спортшыларымыз осындай ауқымдағы жарысқа алғаш рет қатысса да, олар лайықты өнер көрсетті. Көптеген спортшымыз өздері сынға түскен сайыста үздік ондыққа енді. Бұл болашақтағы табыстарға жол ашады. Азаматтарымыздың халықаралық деңгейдегі жетістіктері, мейлі, ол спортта немесе оқушылар мен студенттер олимпиадасында, өнерде, тіпті басқа салаларда болсын, еліміздің өркендеп келе жатқанын көрсетеді. Таяуда Милан мен Кортинада Қысқы Паралимпиада ойындары басталады. Спортшыларымызға сәттілік тілеймін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, екі жылдан кейін атлеттеріміз Лос-Анджелесте өтетін Жазғы Олимпиада ойындарына қатысатынын еске салды.

— Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық Олимпиада комитеті, федерациялар бірлесіп жұмыс атқарып, құрама мүшелерін жан-жақты қолдауға тиіс. 2029 жылы Алматы қаласында өтетін Қысқы Азия ойындарына ерекше назар аудару қажет. Ойындар ең жоғары деңгейде ұйымдастырылуы керек. Бұл — Қазақстандағы спорттың дамуына тын серпін беріп, экономика мен туризм салаларына оң ықпал ететін өте маңызды іс-шара, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент XXV Қысқы Олимпиада ойындарындағы жетістіктері үшін Михаил Шайдоровты II дәрежелі «Барыс» орденімен, бапкері, жаттықтырушы-көнеңші Алексей Урмановты II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады. «Құрмет» ордені Қазақстан Республикасының мәнерлеп сырғанаудан ұлттық құрама командасының бас жаттықтырушысы Әсем Қасановаға, мәнерлеп сырғанаудан жаттықтырушы Станислав Шайдоровқа, Қазақстандық конькимен мәнерлеп сырғанау одағының президенті Бауыржан Ералыға табысталды.

Өз кезегінде Олимпиада чемпионы Михаил Шайдоров көрсеткен қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаев және барша отандасымызға ризашылығын білдірді.

— Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Бұл кездесуге Олимпиада чемпионы ретінде қатысу — мен үшін зор мәртебе. Алтын медаль — менің ғана емес, ата-анамның, бапкерлерімнің және мен үшін алаңдап, қолдау көрсеткен барша қазақстандықтың жеңісі. Бұл аянбай тер төгіп жұмыс істесең, жақын жандардың махаббаты мен сенімі болса, армандардың орындалатынын көрсетеді. Президент мырза, Сіздің қолдауыңыздың арқасында спортшылар үлкен жетістіктерге, жаңа тарихи рекордтарға қол жеткізіп жүр. Мен Олимпиада алтынымен шектелмеймін. Алдымда ұзақ жол бар. Елімнің сенімін ақтап, жас ұрпаққа үлгі болып, халқымыздың мерейін үстем еткім келеді. Ракмет Сізге! Сүйікті Отаныма, Қазақстаныма қызмет етемін, — деді Михаил Шайдоров.

26 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ



ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТ МОДЕЛІНЕ ӨТУ ЖОЛЫНДАҒЫ БАТЫЛ ҚАДАМ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары барысында мәслихат депутаттарымен, жергілікті жұртшылықпен, этномәдени бірлестіктер өкілдерімен, белсенді жастармен және еңбек ұжымдарымен кездесті. Барлық іс-шара «Жаңа Конституция – ұзақмерзімді дамудың берік негізі» тақырыбына арналды. Сондай-ақ кездесулерде Мемлекет басшысы айқындап берген реформалардың басым бағыттары, Ата Заңның негізгі жаңа нормалары және Президент тапсырмаларын жүзеге асыру аясындағы бірлескен жұмыс тетіктері талқыланды.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, конституциялық реформа – айрықша маңызға ие тарихи оқиға және демократияны нығайту жолындағы нақты қадам. Жаңа Конституция – Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформалардың тікелей нәтижесі. Бұл өзгерістер саяси институттарды қайта жаңғыртып, Қазақстанның тиімді әрі заманауи басқару үлгісіне кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз етеді.

«Конституциялық реформа – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың еліміздің саяси жүйесін ауқымды және кешенді жаңғыртуға арналған бастамаларының заңды әрі дәйекті жалғасы. Жаңа Конституция жобасы заң мен тәртіп қағидатына, азаматтардың мүддесі мен құқықтарына табан тейлейді. Жалпы, бұл шешім – заманауи мемлекет моделіне өту жолындағы саналы және батыл қадам. Ата Зандағы концептуалды өзгертулердің бірі адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекітілуі екенін атап өткен жөн. Жаңа Конституциядағы дәл осы қағида мемлекеттік құрылымның барлық жүйесінің негізін қалыптастырады», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы өңірдің өндірістік және ғылыми әлеуетіне ерекше назар аударып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы сын-қатерлерге де тоқталды. Сондай-ақ ол жаңа Конституциядағы экологиялық нормалар халықтың денсаулығын сақтауды және кәсіпорындардың жұмысына инновациялық технологияларды енгізуді қамтамасыз ететін стратегиялық маңызға ие екенін айтты.

«Жаңа Конституциядағы экологиялық ережелердің Шығыс Қазақстан үшін маңызы зор. Алғаш рет табиғатқа қамқорлық таныту мемлекеттің іргелі құндылықтарының бірі ретінде бекітілді. Орнықты даму, экологиялық қауіпсіздік және келер ұрпаққа қамқорлық жасау – Қазақстанның стратегиялық таңдауы. Сондай-ақ бұл – заманауи стандарттарды енгізу, озық технологияларға көшу және экологиялық есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету деген сөз. Бүгінде мемлекет ғылымды, білімді, экологиялық бастамаларды, жаңа технологиялар мен цифрлық шешімдерді белсенді қолдап отыр. Дәл осы бағыттар еліміздің

жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Мұның бәрі Әділетті Қазақстан идеясын жүзеге асырудың жарқын көрінісі екені анық», – деді Палата Төрағасы.

Іс-шараларда жаңа Ата Заң еліміздің ұзақмерзімді тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және серпінді дамуға негіз болатын саяси құрылымды қалыптастыратыны туралы да сөз болды. Жастармен және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен кездесуде конституциялық өзгерістер бүгінгі жаһандық сын-қатерлер жағдайында тиімді жұмыс істейтін саяси жүйе құруға бағытталғаны айтылды. Мәулен Әшімбаев бұл реформалардың сапалы жүзеге асырылуы, жалпы елдің дамуы жастардың қоғамдық-саяси үдерістерге саналы түрде қатысуына және олардың бастамашылдығы мен кәсіби қабілеттеріне тікелей байланысты екенін де атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еңбекқорлық, кәсіби біліктілік, жасампаздық және үздіксіз білім алу құндылықтарының маңызына үнемі баса мән беріп келеді. Бұл қағидаттар Мемлекет басшысы ұсынған «Адал азамат» тұжырымдамасында көрініс тапқан. Ол Абайдың «Толық адам» ілімімен үндесетіні белгілі. Бүгінде жастардың белсенділігі танытып, қоғамдық талқылауларға қатысуы, диалог мәдениетін ілгерілетуі және елдің болашағына жауапкершілікпен қарауы аса маңызды. Өйткені реформалардың табысты жүзеге асуы және Қазақстанның әрі қарай қарқынды дамуы жас буынның ұстанымына тікелей байланысты», – деді Мәулен Әшімбаев.

Ол өз сөзінде Сенат жанында бес жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан, сондай-ақ жас мамандардың талдау қабілетін жетілдіруге бағытталған Сарапшылар клубы мен Талдау мектебінің қызметіне де тоқталды.

Сапар аясында Сенат Төрағасы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің, Өскемен титан-магний комбинатының және «Восток-молоко» корпорациясының ұжымдарымен кездесті. Сондай-ақ Лу Бань шеберханасына ат басын бұрып, «Автомобильдердің SMART-технологиясы» зертханасының қызметімен танысты.

ҒЫЛЫМҒА ҚАТЫСТЫ ТҮЗЕТУЛЕРДІ МАҚҰЛДАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар ғылым мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады, сондай-ақ Аустриямен арадағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу жөніндегі келісімді ратификациялады.

Депутаттардың бастамасымен әзірленген заң жобасы ғылыми-техникалық қызметті одан әрі жетілдіруге бағытталған. Оның нормаларын түзетулерді әзірлеушілердің бірі, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов таныстырды. Алдымен мәжілісмендер ғылыми жобаларды жүзеге асыру мерзімдерін бекітетін түзетулерді қарастырды, олар келісімшарт жасалған күннен бастап іс-шаралар күнтізбелік жоспары бойынша толық кезеге қолданылады.

– Енді біз ұсынған нормаларға сәйкес, ғылыми жобаны бастау мерзімі автоматты түрде қаңтар айынан емес, нақты сол келісімшарт жасалған күннен бастап белгіленуге тиіс. Сәйкесінше, ғалымдар енді бөлінген қаражаттың 70-80 пайызын емес, толығымен 100 пайызын алып, жоспарланған уақытты да 100 пайыз пайдаланып, сапалы зерттеу жүргізуіне мүмкіндік туады, – деді депутат.

Ұлттық ғылым академиясының квазимемлекеттік сектор субъектісі ретіндегі мәртебесі заң жүзінде бекітіледі. Бұл оның мүлкін қалыптастыру және басқару тәртібін заңнамамен реттеуге, басқару механизмдерін жүйелеуге, қаржыландыру көздерін анықтауға жол ашалау.

Депутаттар ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің құқықтық мәртебесін көтеру мақсатымен олардың өз қызметін жоспарлауға, зерттеу нәтижелерін еркін жариялауға және академиялық еркіндігін пайдалануға құқық беретін нақты нормаларды енгізді.

Сонымен қатар заң жобасы «ұжымдық пайдалану зертханасы» ұғымын және барлық ғалымның осындай зертханаларда жұмыс істеуін қамтамасыз ететін арнайы механизмді енгізеді. Бұған қоса пәндік олимпиадалар бойынша ұлттық құрамадағы дарынды балалар мемлекеттік университеттердің зертханаларын тегін пайдалану құқығына ие болады.

Асхат Аймағамбетов заң жобасында азаматтарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі де шешілетінін атап өтті. Депутаттар тіркеу, сараптама жүргізу, шекті бағаны анықтау және ұлттық дәрілік формулярға енгізу қызметтерін біріктіретін біртұтас композиттік қызмет енгізуді ұсынып отыр. Осы арқылы тіркеу мерзімін 210 күннен 100 күнге дейін қысқартуға болады. Ал халықаралық қатан тіркеуден өткен жаңа препараттар үшін ІМА сияқты ұйымдар бекіткен жеңілдетілген тіркеу тәртібі қарастырылған.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрлігіне тіркеуді өздігінен бастау құқығы беріліп, өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектерді фармацевтикалық компаниялардың ұсыныстарын түптеген тіркеуге мүмкіндік беріледі. Елімізде өндірілетін дәрілердің құрамын сапалық тұрғыда бақылау күшейеді.

Талқылау барысында депутаттар ғалымдармен мен жауапты мемлекеттік органдардың өкілдеріне ғылыми жобаларды іске асыру жоспары, экономикалық негізділік критерийлері және ғылыми зерттеулер бюджетінің ашықтығы туралы сұрақтар қойды. Сауалдардың біразы ғылыми зертханалардың саны, ғалымдардың заманауи жабдықпен қамтамасыз етілуі, мүгедектерге арналған зертханалық базаның қолжетімділігі сынды жалпы инфрақұрылымға қатысты болды.

Дәрімен қамтамасыз ету саласына ерекше назар аударылды. Депутаттар тіркеу процедураларын жеңілдету азаматтардың өмірлік маңызы бар дәрілерге

қолжетімділігін, шын мәнінде, қаншалықты арттыратынын, ол фармацевтикалық нарық сапасына қаншалықты ықпал ететінін нақтылады. Сондай-ақ сараптаманы созып жіберген лауазымды тұлғаларға қатысты жауапкершілікті күшейту, дәрілерді формулярға енгізу бойынша әрекетсіздікке қарсы шараларды қатаңдату ұсынылды.

Талқылау қорытындысында депутаттар ғылым мәселелеріне қатысты түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Олар әрі қарай депутат Асхат Аймағамбетов жетекшілік ететін жұмыс тобының отырыстарында талқыланады.

Сонымен қатар Мәжіліс 2025 жылғы 28 ақпанда Астанада жасалған, заңсыз тұрған тұлғаларды қайта қабылдау және транзиттеу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы Келісімді ратификациялап, Сенатқа жолдады. Құжат екінші тараптың аумағында болу ережелерін бұзған немесе қиын жағдайда қалған азаматтарды (мысалы, құжаттарын жоғалтқан) елге қайтаруды қарастырады.

Ішкі істер министрінің орынбасары Санжар Әділовтің айтуынша, бұл келісімді ратификациялау визалық режимді жеңілдетуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде, құжатты жоқ немесе Аустрия аумағында заңсыз тұрған қазақстандық азаматтарды ешқандай санкциясыз (елден шығару немесе айыппұл салу сияқты) қайтаруға жол ашылады. Сонымен қатар тиісті елдің уәкілетті органдары азаматты туған еліне қайтару үшін керекті құжаттарды рәсімдеуге көмектеседі.

Қосымша баяндама жасаған жұмыс тобының жетекшісі Наталья Дементьева аталған келісімде тараптардың заңсыз мигранттар мен бір мемлекет аумағында болу немесе тұру талаптарына сәйкес келмейтін тұлғаларды қайтару ережелері және мерзімдерін бекітілетінін хабарлады. Қабылдау, беру және транзит барысында тек екі ел азаматтарына ғана емес, үшінші ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға да қатысты бірлескен әрекет тәртібі белгіленді.

Қазіргі уақытта Қазақстан реадмиссия мәселелері бойынша 21 мемлекетпен, оның ішінде Бельгия, Германия, Нидерланды, Ресей және Швейцария елдерімен белсенді ынтымақтастық орнатқан.

Жалпы отырыста салалық комитеттер: Әскери қызметкерлердің құқықтық мәртебесін, қорғаныс және әскери қызмет мәселелерін жетілдіру, Педагог мәртебесі мен білім саласын дамытуға байланысты түзетулер, Әкімшілік құқықбұзушылық кодексіне қосымша өзгерістер енгізу, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Халықаралық қайта құру және даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясы және Инвестициялар кепілдігінің көпжақты агенттігі арасындағы серіктестік туралы келісімді ратификациялау арқылы тұрақты даму мен елдің өсуін қолдау туралы жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады.

Жалпы отырыс соңында депутаттар өзекті әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 8 депутаттық сауал жолдады. Сонымен қатар жаңа Конституция жобасының кейбір баптарына қатысты мәлімдемелер жасалды. Олар Мәжілістің ресми сайтында және Telegram арнасында жарияланды.

ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТІҢ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов «Деректерді өңдеу орталықтары алқабы» жобасына байланысты Ұлттық құрылтайдың V отырысында Президент қойған міндеттердің жүзеге асырылу барысы жөнінде жиын өткізді.

Онда Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин жобаның биылғы қаңтар айында Павлодар облысы Екібастұз қаласында іске қосылғаннан бергі атқарылған жұмыстары туралы баяндады.

Орталық Азиядағы энергетикалық әлеуеті 1 ГВт-қа дейін жететін ең ірі кампусты құру жөніндегі «ДӨ алқабы»



жобасы бүгінде қарқынды түрде жүзеге асырылуда. Үкімет тиісті инфрақұрылымдық және құқықтық жағдайларды жасауда. Атап айтқанда, жалпы ауданы 1,4 мың гектар жер телімі бөлінді. Ауқымды жобаны жүзеге асыру үшін қосалқы станса сатып алу, сондай-ақ инвесторлар мен жобаға қатысушыларды мемлекеттік қолдаудың қосымша тетіктерін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Құрылатын инфрақұрылымның маңызды элементі халықаралық серіктестерді тартуға арналған Greenfield аймағы болмақ. Сондай-ақ одан әрі кеңейте түсу мүмкіндігі бар 100 МВт-ға дейінгі қуаттар дайындалды. Инфрақұрылым энергия тиімділігі коэффициенті PUE 1.25 болатын Tier III халықаралық стандартына сәйкес келмек.

Телекоммуникациялық инфрақұрылым саласындағы ең ірі hyperscale және BigTech

компанияларының талаптарын қанағаттандыру үшін желілік кідіріс 80-нен 57 миллисекундаға дейін төмендетіледі, бұл – негізгі еуропалық трафик алмасу орталықтарымен тең деңгей.

Бұдан әрі есептеу инфрақұрылымын кезең-кезеңмен ұлғайту, әрқайсысы 50 МВт-тан ЖИ-ДӨ-ның төрт кезеңін салу көзделген.

Тұтастай алғанда, «ДӨ алқабын» іске қосу Қазақстанда цифрлық инфрақұрылым мен есептеу қуаттылығының өнірлік орталығын қалыптастыруға, \$30 млрд-қа дейін инвестиция тартуға және 500-ден астам жоғары білікті жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Жиын қорытындысы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов салалық министрліктер мен жауапты ұйымдарға жұмыстың барлық кезеңін уақытылы жүзеге асыруды қамтамасыз етуді және қажетті нормативтік шешімдерді қабылдауды жеделдетуді тапсырды.

М.ТӨЛЕУ



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ АУЫЛДАРДЫ ДАМУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЙДЫ – КОАЛИЦИЯ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясы Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановтың жетекшілігімен Қарағанды облысына барды. Жұртшылықпен, профессорлық-оқытушылық құраммен, студенттермен, шахтерлермен, мәдениет қайраткерлерімен, жергілікті мәдени қауымдастық пен ауыл тұрғындарымен кездесулерде қарағандылықтар жаңа Ата Заңды қолдайтындықтарын білдірді.

Жаңа Конституция нормалары жөніндегі талқылау Қарағанды облысының жұртшылығымен және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесуден басталды. Достық үйінде қоғам қайраткерлері, этномәдени бірлестіктер өкілдері, мәслихат депутаттары және пікір көшбасшыларынан құралған 200-ге тарта адам жиналды.

Кездесудің негізгі тақырыптары – биліктің барлық тармағын жанарту, этносаралық бейбітшілік мәселелері, қазіргі қоғамдық келісім институттарының трансформациясы және жаңа консультативтік орган – Халық кеңесін құру болды. Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов жаңа Конституцияның құндылықтары қоғамды әділдік, заңдылық және барлық азаматтарға тең мүмкіндіктер сияқты айқын және түсінікті басымдықтар негізінде біріктіретінін атап өтті.

– Тәуелсіздікті сақтау мен нығайту жолындағы басты міндет – мемлекетіміздің ішкі тұрақтылығын және тұтастығын қамтамасыз ету. Бұл мәселе жаңа Ата Заң жобасында нақты көрсетілген. Онда билік институттарының құзыреттері мен функциялары айқын әрі нақты белгіленіп, олардың арасындағы теңгерім толық сақталған. Жаңа Конституцияға сәйкес, Қазақстанда Президенттік басқару формасы сақталады. Мемлекет басшысы Конституцияның кепілі болып, мемлекеттік аппараттың үздіксіз, үйлесімді әрі жүзеге асырылуына қамтамасыз етеді, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы атап өткендей, жаңа Конституция президенттік реформалар бағытының жүйелі іске асырылуы мен кеңестің қоғамдық талқылаудың нәтижесі болды. Ата Заң еліміздің барлық азаматтарына тең мүмкіндіктер ашыла және саяси жүйенің барлық құрылымын қоғамның ең өзекті сұраныстарына сәйкес қайта жүктейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің трансформациясы туралы сөз қозғалғанда коалиция мүшелері Ассамблеяның тұрақтылықты қамтамасыз етіп, этносаралық келісімді нығайтуда маңызды тарихи рөл атқарғанын атап өтті. Президент ұсынған жаңа институт – Халық кеңесі халық бірлігін нығайтудағы жаңа қалам болып, этномәдени бірлестіктердің өкілдерін, мәслихат депутаттарын және азаматтық сектор өкілдерін біріктіруге тиіс.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов өз сөзінде Халықтық Конституция қоғамдық келісім, халық бірлігі және этносаралық диалог қағидаттарын нығайтатынын атап өтті. Оның айтуынша, құжат «біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» қағидатын бекітіп, этносына немесе өңіріне қарамастан барша азаматтардың мүмкіндіктерінің теңдігіне кепілдік береді.

Аймақтық коалиция мүшесі және «Вайнах» бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев Қарағанды тарихи тұрғыда көптеген өңір екенін атап өтті. Қазіргі уақытта мұнда 60-тан астам этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Ол жаңа буын Ассамблея мүшелерінің қоғамдық жұмысқа белсене араласатынына тоқталды. Сонымен қатар жаңа Конституция жобасын қолдайтынның білдірді. Халық кеңесінің құрылуына ерекше назар аударды. Бұл көпұлтты өңірлердің ерекшеліктерін ескеруге және қоғам мен мемлекет арасындағы диалогты күшейтуге мүмкіндік береді.

Мазмұнды әңгіме Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінде зиялы қауым өкілдері, профессорлық-оқытушылық құрам және студент жастар арасында жалғасты. Талқылауға шамамен 500 адам қатысты. Ашық форматтағы диалог қатысушыларға жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңыздылығы, білім беру жүйесінің болашағы, жастар мен интеллектуалды еңбектің ел дамуына қосатын ролі жөнінде пікір алмасуға мүмкіндік берді.

САЯСИ НАУҚАННЫҢ МАҢЫЗЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Жалпыұлттық референдум қарсаңында Шымкент қаласында кеңестің ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Соның бірі – «Есіктен есікке» акциясы. Аталған шараның басты мақсаты – әрбір тұрғынға алдағы саяси науқанның маңызын жан-жақты түсіндіріп, азаматтардың белсенділігін арттыру.

Іс-шараға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасарлары Ербол Байқоңысов пен қалалық мәслихат депутаты Альбина Елшіева, сондай-ақ «Ауыл» партиясының төрағасы Ғани Қарабеков және Қазақстан Халық партиясының қалалық филиалының төрағасы Бақтияр Жандарбеков қатысты. Насихаттық топ мүшелері бірқатар тұрғын үйді аралап, азаматтармен тікелей жүзлесіп, референдумның мазмұны мен маңызы туралы кеңінен әңгімелесті.

Акция барысында арнайы дайындалған ақпараттық парақшалар таратылып, алдағы референдумға қатысты нақты әрі толық мәліметтер ұсынылды. Тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, дауыс берудің тәртібі мен маңыздылығы түсіндірілді. Кездесу барысында тұрғындар түсіндіру жұмыстарына оң көзқарас

Кездесуде Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жаңа Ата Заң жобасында ел дамуының басым бағыттары ретінде алғаш рет ғылым мен білім бекітілгенін атап өтті. Бұл – Қазақстанның болашақта білім мен ағартуға негізделген, интеллектуалды және білімді ұлт құру жолын таңдағанының айқын көрінісі.

Коалиция мүшелері қоғамда жаңа Конституция жобасының мазмұны туралы терең пікір қалыптастырушы ретінде оқытушылар мен академиялық қауымдастықтың ролін ерекше атап өтті. Кездесу барысында қатысушылар бұл құжат Қазақстанның орнықты дамуы үшін жаңа негіз қалыптастыратынын, онда білім беру, ғылыми-зерттеу қызметі, ғылыми жобалар мен инновациялық бастамаларды қолдау басым бағыттарға айналғанын айтты.

«Qatmet» кәсіпорнында шахтерлер мен металлургиялық кәсіподақ ұйымдарының басшыларымен және өкілдерімен әңгіме мазмұнды өтті. Кәсіподақ өкілдері жаңа Конституция мәтінімен танысқанын және ондағы негізгі идея – «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидасын толық қолдайтынын атап өтті. Еңбек адамдарының пікірінше, құжаттағы негізгі басымдықтар – тыныштық пен тұрақтылық, ертеңгі күнге сенім және отбасыларының амандығы мен әл-ауқаты болып отыр. Сондықтан бұл құндылықтардың жаңа Ата Заң жобасында бекітілуін олар зор ықыласпен қабылдады.

Ақындар, жазушылар мен термешілердің қатысуымен өткен диалог шығармашылық мамандықтарды қолдау, тарихи дәстүрлерді сақтау және мәдени мұраны жаңа Конституцияда бекіту мәселелеріне бағытталды.

Коалиция мүшелері зиялы қауым назарын алдағы референдумның тарихи маңыздылығына аударды. Жанарған Ата Заңдағы өзекті жаңашыл нормалар Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтауға, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуге, татулық пен бірлікті нығайтуға, сондай-ақ ғылым, білім, инновациялар мен зияткерлік саланың дамуын конституциялық деңгейде қолдауға бағытталғанын атап өтті.

Жалпыұлттық коалицияның сапары Бұқар жырау ауданына қарасты Тағарин ауылында өз мәресіне жетті. Мұнда ауыл тұрғындары – қандастар, қарттар, жастар, белсенді азаматтармен кездесу өтті.

Талқылаудың басты тақырыбы Ата Заңның жаңа редакциясында адамның өмірі мен қадір-қасиетінің ең жоғары құндылық ретінде бекітілуі болды. Бұл барлық азаматтардың білім алуын, медициналық қызметпен қамтылуын және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Ауыл тұрғындарын, әсіресе осы құқықтарды іске асыру үшін мемлекет ауылды дамытуға, аграршыларды, кәсіпкерлерді және жастарды қолдауды өз міндеттен алғаны қуантты. Ауыл тұрғындары үшін маңызды нормалардың бірі – адами капиталды білім, ғылым және инновациялар арқылы дамыту болды.

Барлық кездесулердің қорытындысы бойынша Қарағанды облысы тұрғындары жаңа Конституция жобасына қолдау білдіріп, референдумға қатысу елдің алдағы бағытын қалыптастыратын маңызды қадам екенін атап өтті.

Жалпыұлттық Коалициясының баспасөз қызметі

Фото: Әли Ғалым
Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов
«AMANAT» Партиясы» ҚБ қаражатына төленді

ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ

ЖАЛПЫҒАЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ
«ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ
КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН»

15
НАУРЫЗ
referendum2026.kz



Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ

«Республикалық референдумға
қатысу құқығы бар азаматтар тізіміне
енгізілуін тексеру туралы»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар. Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

РЕФОРМА

26 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: ОТБАСЫ МЕН БАЛА МҮДДЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Бүгінде Қазақстан қоғамы 15 наурызда өтетін жалпыұлттық референдумға әзірленіп, жаңа Конституция жобасымен жан-жақты танысып жатыр. Жаңадан қабылданатын Ата Заңның мазмұны мен құндылықтары саналы азаматтарды бейжай қалдырмайтыны анық. Себебі бұл – мемлекетімізді жаңа кезеңге бастайтын аса маңызды құжат. Жаңа Конституция жобасында қоғам үшін ерекше маңызға ие бірқатар мәселе нақты көрінісін тауып, олардың құқықтық сипаты айқындала түсті. Біз мұндай жаңашылдықтарға сауалға жауап беру үлгісінде үңіліп көрдік.

Алдымен неке мәселесіне назар аударғымыз келеді. Конституция жобасында оған «Неке – ерікті және теңқұқықты одақ» деп баға берілген. Осы орайда жаңа Конституциядағы некеге қатысты норманың 3 маңызды тұсына тоқтала кетейін. Біріншіден, неке – ер мен әйелдің одағы. Яғни, өзге одақ неке ретінде танылмайды деген сөз. Біз жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Ел азаматтары шет мемлекеттерге емін-еркін бара алады. Өзге елдердегі адамдардың өмірімен танысады. Ақпараттық кеністік арқылы да түрлі мемлекеттің мәдениеті мен үрдісін көріп отырмыз. Кей мемлекеттердегі біржынысты қатынас одағы біздің қоғамымызға жат, сондықтан біз оларды неке ретінде танымаймыз.

Екіншіден, неке – ер мен әйелдің ерікті, әрі тең одағы. Яғни, осы екі тараптың ерікті және теңқұқықты негізінде ғана отбасы құрылады деген сөз. Бұл норма мәжбүрлі неке, қысым көрсету, кемсіту сияқты әрекеттерге жол берілмейтінін айқындайды. Сонымен қатар отбасы мүшелерінің құқығы мен жауапкершілігі де тең деген сөз. Бұл қағидат отбасы институтын әлсіретпей, заманауи құқықтық стандарттарға сай нығайтады. Үшіншіден, неке – мемлекет заңға сәйкес тіркеген одақ. Яғни, ерлі-зайыптылардың құқығы мен міндеті тек уәкілетті органдарда ресми тіркелген сәттен бастап пайда болады және Конституция мен қолданыстағы заңнама аясында қорғалады. Ол – отбасы мүшелерінің, жұбайлардың және болашақ балалардың әлеуметтік әрі мүлтік құқығын қамтамасыз етудің негізгі кепілі.

Конституция жобасында неке институтына қатысты қамтылған нормалардың өзегі – осы. Одан бөлек, Ата Заң жобасында қоғамды алаңдатқан бірқатар мәселе қамтылды. Атап айтқанда, құжатта әйел затын кемсіту, олардың құқығын таптау, қыз алып қашу, қудалау (сталкинг) жасау тәрізді жағымсыз үрдістерге жол бермейтін құқықтық іргетас бар.

Әдетте, Ата Заңда жалпы құқықтық қағидаттар белгіленеді. Ол Конституцияның 2-бөліміндегі баптарда толық қамтылған. Онда адамның ар-намысына, бостандығы мен жеке өміріне қол сұғылмайтыны бекітіледі. Ал салалық заңнамада «қыз алып қашу», қудалау сияқты әрекеттерге қатысты жауапкершілік көзделіп отыр. Жаңа Конституция мұндай құқық-бұзушылықтарға мүлде төзбеушілік қағидатын нығайтып, заңдардың мүлтіксіз орындалуына негіз болады.

Әлбетте, біз көтеріп отырған тақырыптар өз бастауынан көптің көкейінде жүрген сұрақтардан алады. Сондықтан кей сауалдарды нақты атай отырып, жауап іздеген жөн. Мәселен, азаматтар арасында «Жаңа Конституцияда әйелдер мен балалар құқығы жеткілікті деңгейде қорғалған ба?» дейтін сауал туындауы мүмкін. Бұған жауап ретінде, ең алдымен қолданыстағы заңнамада әйелдер мен балалардың құқығын қорғауға бағытталған нақты нормалар бар екенін атап өту қажет.

Мемлекет олардың қауіпсіздігін, білім алуын, денсаулығын және әлеуметтік тұрғыда қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті. Кейінгі жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, балалардың құқығын қорғау тетіктері күшейтілді. Көп норма әкімшілік жауапкершіліктен қылмыстық жауапкершілікке ауыстырылды. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 15-49 жас аралығындағы әйелдердің 3,2%-ы

жыныстық тұрғыда қорлық көрді. 2024 жылы 51 мыңнан астам әйелге қатысты зорлық-зомбылық жағдайы тіркелді. Дегенмен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық көрсеткіші айтарлықтай азайды. 2019 жылмен салыстырар болсақ, 2024 жылы мұндай деректер саны екі еседен астам азайды. Алайда дәл осы бағыттағы жұмысты күшейту – мемлекеттің басты міндетінің бірі.

Тағы бір сауал азаматтық некеге қатысты туындайды. Қазақстан қоғамында «азаматтық неке» ұғымы қалыпты деңгейде қабылдана бастағанын мойындауға мәжбүрміз. Алайда азаматтық некенің құқықтық мәртебесі бар ма? Мәселе, міне осында. Сондықтан «Жаңа Конституция қабылдана, азаматтық некеге рұқсат беріле ме?» дейтін сұрақ кесе көлденең тұрады.

Жауап берер болсақ, қазірдің өзінде заң бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу органдарында рәсімделген некенің ғана ресми заңды күші бар. Ал мемлекеттік тіркеуде тұрмаған соң, діни неке кию әрекеті де заңсыз. Адамдардың діни, рухани ұстанымдарын құрметтеуі отырып, заңсыз әрекетке жол бермеуіміз керек. Себебі әйелдің, баланың және ер адамның құқығы мен міндеттерін тек заңды неке ғана айқындайды. Ал азаматтық қатынас – жауапкершіліктен тыс әрекет. Оны неке деп атауға болмайды. Себебі Конституция отбасын мемлекеттің негізі деп таниды. Сондықтан неке заңмен қорғалуға тиіс.

Әдетте, «азаматтық неке» формасын ұстанатын адамдар өз әрекетін діни наным-сенім шарттарымен ақтап алуға тырысып жатады. Рас, Конституцияда діни сенім бостандығына кепілдік берілген. 7-бапта «Дін мемлекеттен бөлек» деп нақты жазылған. Алайда бұл нормада балалардың таңдау еркіндігін де ескеру қажет. Осы себепті «Мемлекет діннен бөлінген» нормасы балалардың таңдау еркіндігін қамтамасыз ете ме?» дейтін сұрақ та өзекті болып отыр. Ал енді жауап беріп көрейік.

Конституцияға сәйкес, мемлекет зайырлы қағидаттарды ұстанады. Конституцияда мемлекет діннің қоғамда алар орнын мойындайды. Сонымен бірге әр азаматтың ар-ождан және діни сенім бостандығына қатысты құқығын қамтамасыз етеді. Зайырлы қағидаты, ең алдымен, ешбір дінге артықшылық бермеуді және азаматтарды діни сеніміне қарай кемсітпеуді көздейді. Балаларға қатысты айтар болса, мемлекет көмектестік толғамаған бұлдіршіндердің құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аударады. Балалардың құқықтық мәртебесі толық қалыптаспағандықтан, мемлекет оларын міндетті орта білім алуына, денсаулығын сақтауға және жан-жақты дамуына кепілдік береді.

Жаңа Конституция жобасының 33-бабы, 5-тармағында «Рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы білім беру ұйымдарында білім мен тәрбие беру жүйесі зайырлы сипатқа ие» деп ашық әрі нақты жазылған. Бұл дегеніміз – мемлекет білім беру мекемелерінің зайырлы сипатын сақтау арқылы балалардың таңдау еркін де қамтамасыз етеді деген сөз.

Қорыта келгенде, жаңа Конституция жобасының ең негізгі ерекшелігі – адам құқықтарына басымдық берілуінде. Адам құқығы мен бостандығы – Конституцияның маңызды басымдығы.

Шолпан КАРИНОВА,

«AMANAT» партиясының Хатшысы

СЕНАТОРЛАР ЕЛМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін халыққа кең көлемде ақпараттық түсіндіру жұмыстарына орай сенаторлар еліміздің өңірлеріне аттанды.

Парламент Сенаты Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина мен депутат Әсем Рахметова өңірдегі еңбек ұжымдарымен кездесулер барысында жария етілген конституциялық өзгерістер әлеуметтік салаға, еңбек кепілдіктеріне және азаматтардың құқықтарын қорғауға қалай әсер ететіні туралы айтты. Педагогтер мен кәсіпорын қызметкерлері үшін реформалардың практикалық маңызы басты назарда болды.

Бірінші кездесу Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №9 мектептің педагогикалық жұртшылығымен өтті. Қатысушылар педагог мәртебесі, кәсіби қорғау кепілдіктері және жетілген құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы білімнің рөлі туралы мәселелерді талқылады.

Сенат депутаттары Нұрлан Бекназаров пен Айгүл Қапбарова «AMANAT» партиясындағы коалиция мүшелерімен бірлесіп отырып Жолдасбеков атындағы №9 лицей ұжымымен және Шымкент қаласының №2 көпсалалы ауруханасының қызметкерлерімен кездесті.

Парламентшілер жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін түсіндіріп, ол нақты өзгерістер туралы емес, еліміздің одан әрі дамуын айқындайтын стратегиялық құжат екенін атап өтті. Қатысушыларды әлеуметтік кепілдіктерді сақтау, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, сондай-ақ білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамыту мәселелері қызықтырды. Нұрлан Бекназаров ұсынылған өзгерістер құқықтық мемлекетті нығайтуға және азаматтардың билік институттарына деген сенімін арттыруға бағытталғанын атап өтті.



Айгүл Қапбарова әлеуметтік мемлекет қағидатына және адам капиталды дамытудың басымдығына назар аударды.

Сенатор Ернұр Әйтқенов жалпыұлттық коалиция аясында Павлодар облысында кездесулер өткізді. Жұмыс облыстық коалиция штабының қызметімен танысудан басталды. Сенатор жүргізіліп жатқан түсіндіру жұмыстарының жүйелі сипатын атап өтіп, жаңа Конституция жобасының ережелері туралы азаматтарды хабардар ету жөніндегі алдағы қадамдарды жұртшылық өкілдерімен бірге талқылады. Өңір жастарымен кездесу барысында конституциялық реформаның негізгі бағыттары жан-жақты түсіндірілді.

Сенат депутаттары Геннадий Шиповских пен Марат Қожаев қала тұрғындарымен және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізді. Онда конституциялық реформаның негізгі бағыттары мен 15 наурызға белгіленген жалпыұлттық референдумның маңыздылығын түсіндіру негізгі тақырып болды. Сенаторлар «Есіл» ауданының Ардагерлер кеңесінің мүшелерімен және аға буын өкілдерімен кездесті. Ашық диалог барысында саяси жүйені жаңғырту, құқықтық мемлекет қағидаттарын нығайту және әлеуметтік басымдықтарды сақтау мәселелері талқыланды.

Сенат депутаттары Бекболат Орынбеков пен Сәкен Арубаев Жуалы ауданының тұрғындарымен және Жамбыл облысының белсенді зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Жаңа Конституцияның жобасы талқылаудың негізгі тақырыбы болды.

Сенаторлар кездесулер барысында құжаттың негізгі ережелерін түсіндіріп, еліміздің ұзақмерзімді стратегиялық дамуының құқықтық негізі ретіндегі маңызын атап өтті. Ұсынылған өзгерістер мемлекеттік институттарды нығайтуға, басқару жүйесін жетілдіруге және



Қазақстанның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталғаны айтылды.

Парламентшілер сондай-ақ алдағы 15 наурызда өтетін республикалық референдумның мақсаты мен маңызына тоқталып, бұл еліміздің одан әрі құқықтық болашағын айқындаудағы маңызды кезең екенін жеткізді.

Сенаторлар Амангелді Нұғманов пен Бауыржан Каниев «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы шеңберінде Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровпен кездесу өткізді. Онда жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін түсіндіру және алдағы республикалық референдумға дайындық жұмыстарын үйлестіру жұмыстарының барысы басты назарда болды.

Сенаторлар ұсынылған өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуге, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға және өңірлердің тұрақты дамуына бағытталғанын атап өтті.

Сенатор Алтынбек Нұхұлы жалпыұлттық коалиция аясында Павлодар облысында жаңа Конституция жобасының

пен жауапкершілікті қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөліне қалай әсер ететінін айтты. Бибигүл Жексенбай жаңа Конституцияның әр адамның күнделікті өміріне қатысты құжат екенін атап өтті. Дархан Қыдырәлі мұрағат саласының реформалар жағдайындағы маңызына назар аударды.

Сенатор Ләззат Рысбекова Орал қаласындағы №5 емхананың еңбек ұжымымен, сондай-ақ «Сервис» технологиялық колледжінің оқытушыларымен және студенттерімен кездесті. Республикалық референдумға шығарылған жаңа Конституцияның жобасы талқылаудың басты тақырыбы болды. Депутат кездесу барысында құжаттың негізгі ережелерін жан-жақты түсіндірді.

Сенат депутаттары Сүйіндік Алдашев пен Бекбол Орынбасаров Маңғыстау облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасының ережелерін түсіндіруге орай халықпен және еңбек ұжымдарымен бірқатар кездесулер өткізді. OIL Services Company кәсіпорнының қызметкерлерімен кездесуде конституциялық реформалардың мазмұны мен маңыздылығы түсіндірілді. Жаңаөзен

қаласында Қазақ газ өңдеу зауыты мен KMG EP-Catering компаниясының ұжымымен де кездесті. Қатысушыларға жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту тетіктері, сондай-ақ Парламент пен жергілікті жерлердегі өкілетті органдардың өкілеттіктерін күшейту мәселелері туралы айтылды.

Сенат депутаттары Сұлтанбек Мәкежанов, Нурия Ниязова және Жанна Асанова Алматы қаласына жұмыс сапары аясында әлеуметтік сала өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді. Шаралар Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасын түсіндіру жөніндегі жалпыұлттық коалицияның қызметі аясында өтті.

Қарағандыда жалпыұлттық коалицияның өкілдері Индустриалды-техникалық колледж оқытушыларымен және студенттерімен, сондай-ақ М.Жұмабаев атындағы гимназияның педагогикалық ұжымымен кездесті. Шаралар жаңа Конституцияның жобасын талқылауға арналды. Диалогқа сенатор Серік Өтешов, облыс және қала мәслихаттарының депутаттары, саяси партиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жаңа Конституция жобасындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайту, адами әлеуметтік даму және қоғамның мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысуын кеңейту жөніндегі негізгі ережелеріне баса назар аударылды.

Сенат депутаттары Шәкәрім Бүктұғұтов пен Ольга Булавкина Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов және облыстық мәслихат төрағасы Денис Рыпаковпен бірге жаңа Конституцияның жобасы мен алдағы республикалық референдум аясында өңірді дамытудың негізгі мәселелерін талқылады.

НАРЫҚ

26 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

АГРОСЕКТОРДЫҢ

аясы ҚАЛАЙ? КЕҢЕЙМЕК

Қазақстан экономикасында ауыл шаруашылығы тарихи тұрғыдан маңызды сала саналады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру және салаға тың серпін беру үшін мемлекет реформа жүргізіп жатқанына тоқталды.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Қазір Үкімет еліміздің ауыл шаруашылығы секторын шикізаттан индустрияға, прогрессивті агроэкономикаға бағыттаған 2026-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарды жасады. Белгіленген межеге сәйкес, агроөнеркәсіп кешенінің жалпы өнімін 2028 жылға қарай 17 трлн теңгеге дейін жеткізу көзделген. Бұл – қазіргі деңгейден 2 есе жоғары көрсеткіш. Сонымен қатар Үкімет Ауыл шаруашылығы министрлігіне нақты міндеттер қойды. Яғни, бірінші, Ауыл шаруашылығы мен Сауда және интеграция министрлігі бірлесіп бір ай ішінде бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, қолданыстағы тәсілдерді қайта қарап, ішкі нарықты отандық азық-түлік тауарларымен қамту және экспорттық әлеуетті нығайту жөніндегі жүйелі шараларды әзірлеуі, өндірістен дайын өнімді сатуға дейінгі тиімді әрі ашық тізбекті құруға тиіс. Екінші, Ауыл шаруашылығы министрлігі өнімдіктермен бірлесіп, жергілікті жерлерде және шекарада бақылауды күшейте отырып, ветеринариялық инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз етуі, биылғы сауір айының 15-іне дейін Үкіметке ветеринарияны дамытудың кешенді жоспарының жобасы енгізуге тиіс. Үшінші, Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және өкілдіктермен бірлесіп, осы жылдың 1 маусымына дейін Ауыл шаруашылығы кооперациясы туралы тиісті заң жобасын әзірлеуі керек. Төртінші, биыл 1 қыркүйекке дейін мемлекеттік қолдау жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру үшін субсидия алушылардың тиісті талаптарды орындауын қадағалауға мүмкіндік беретін АӨК саласындағы ақпараттық жүйенің толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз етуі керек.

Мәжіліс депутаты, Аграрлық мәселелер комитетінің хатшысы Еркебұлан Мәмбетовтың айтуынша, еліміздің прогрессивті агроэкономикаға қошу мүмкіндігі зор, кейінгі екі жылда ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қаржыландыру, субсидия беру және инвесторлар тарту есебінен біршама өсім байқалады.

– Атап айтар болсақ, мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің шамамен 40% құрайды. Соңғы жылдары салада өндіріс көлемі мен мал басының 2-3% деңгейінде өсуі байқалады. 2026-2030 жылға дейінгі мал шаруашылығының жоспары жасалды. Жоспар бойынша ет өндірісін 1,2 млн тоннадан 1,8 млн тоннаға дейін, сүт



ТЕРЕН ӨНДЕУ – ШЕШІЛМЕГЕН ТҮЙІН

өндірісін 1,4 млн тоннадан 2,1 млн тоннаға дейін ұлғайту және ет экспорты көлемін 82 мың тоннадан 165 мың тоннаға дейін екі есеге арттыру жоспарланған. Мәселен, 2030 жылға дейін Түркістан облысында аустралиялық технология бойынша бордақылау алаңы іске қосылса, ірі қара басын 50 мыңға дейін жеткізу жоспарланған. Ал сүт өндірісі үшін Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесіне сүйеніп, заманауи сүт фермаларын ашу, сондай-ақ суармалы егістік үшін тамшылап суару технологиясы негізінде су үнемдеу бағытында үздіксіз, жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Былтыр Су ресурстары және ирригация министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге шаруаларды қажет инфрақұрылымды қалыптастыру, су үнемдеу жүйелерін сатып алу және орнату шығындарын субсидиялау мөлшерін 50%-дан 80%-ға дейін арттырды. Сонымен қатар бүгінде су үнемдеу технологиясын қолданатын дихандар суармалы су үшін аз төлейді. Себебі су үнемдеу жүйелерін пайдалану кезінде суармалы су ақысын субсидиялау мөлшері тарифке байланысты 85%-ға дейін ұлғайтылды. Егістік көлемін арттыру бойынша, нақты айтар болсақ, Таразда 2030 жылға дейін егістік көлемін 1,5 млн гектарға дейін жеткізу секілді жоспарлар қарастырылған. Еліміздің агросекторы өте үлкен, жан-жақты сала болғандықтан істеліп жатқан, істелуі керек жұмыс өте көп, – деді Еркебұлан Нұрмағамбетұлы.

Жалпы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің есебіне, кейінгі жылдары агро-сектордың даму динамикасы тұрақты өсім көрсетіп отыр. Мәселен, 2025 жылдың 11 айында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 6,1%-ға ұлғайып, 9,2 трлн теңгені құраған. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың мәлімдеуінше, бұл өсім мал шаруашылығындағы өндіріс көлемін 3,5%-ға, егін шаруашылығындағы өндіріс көлемін 7,6%-ға ұлғайту есебінен қамтамасыз етілген.

Дегенмен Мемлекет басшысы 10 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында шикізатты терең өндеуде проблемалар барын, соның салдарынан әлі күнге дейін азық-түлік импорттына тәуелді болып отырғанымызды ескертті.

«Шикізатты терең өндеу – ауыл шаруашылығына да қатысты өте өзекті мәселе. Агроөнеркәсіп кешенінің қолдау шаралары қордаланған мәселелерді шешу үшін емес, тек осы саладағы жалпы өнімді арттыру үшін қабылданып жатыр дегуе болады. Соның салдарынан әлі күнге дейін азық-түлік импорттына тәуелді болып отырмыз, баға да өсуде. Аткарушы билік бұған тосқауыл қою үшін негізінен әкімшілік шараларға жүгінеді. Үкімет осыған дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын

тікелей реттеуден бас тартатыны туралы айтты. Соған қарамастан, мұндай тауарлар саны 19-дан 31-ге дейін көбейді. Үкімет бұл шешімді уақытша шара деп түсіндірді. Бірақ уақытша деп басталған шара әдеттегідей тұрақты сипатқа ие болып кетпеуі керек», – деді Президент.

Мамандар ауыл шаруашылығы саласында терең өндеу бағытындағы жобалар көп екенін, олардың құны алдағы үш жылда 10 млрд доллардан асуы мүмкін екенін айтады. Бұл бағытта мемлекет 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнім көлемін екі есе арттыруды жоспарлап отыр. Ол үшін шикізатты терең өндеуге бағытталған салаларды дамыту қажет. Ұлттық экономика вице-министрі Арман Қасеновтің айтуынша, 2029 жылға дейінгі «Ұлттық даму жоспарында» қандай салаларға инвестиция салуға

Оның пікірінше, тіпті еліміз бидай экспорттаушы ел бола тұра, кей өнімдер макарон өнімдерін импорттайды, логистика және инженерлік инфрақұрылымдық шектеулер бар.

– Біз заң бойынша шетелден келген инвесторларға жер бермейміз. Сондықтан олар көбінесе қайта өңдеумен айналысады. Қазір барлық аймақтарға үлкен-үлкен инвесторлар келіп жатыр. Бірақ біздің халық саны аз, соған қарамастан, біз шеттен азық-түлік көп импорттаймыз. Алдымен өнімді шетелге сату жағын реттеуіміз керек. Келен ашық-шашық жатыр. Президенттің өзі «Елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті. Әрине, өзіндік өзіміз жүз пайыз қамтамасыз етуіміз мүмкін емес, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят. Үкімет Еуразия аумағындағы саудаттықтың әділ жағдайда жасалуын нақты дәлелмен талап етуге міндетті. Ал депутаттар заңнамалық бастамалар арқылы отандық өнім өндірушілердің құқықтарын қорғауға тиіс» деп айтты, – деді депутат.

Оның айтуынша, бірақ әлі де Сауда және интеграция министрлігі тарапынан қатан бақылау жоқ. Ішкі нарықта отандық өндірушілердің өнімдерін өзара сату, сатып алу, жөнелту, тасымалдау мәселесі шешімін таппаған.

Сала мамандары ішкі нарықты қорғау мақсатында шикізатты экспортқа шығаруға шектеулер енгізілгенін дұрыс емес деп санайды. Мәселен, майлы дақыл тұқымдарын шығаруға баж салығы қолданылса, тірі мал экспорты квота бойынша ғана жүзеге асады, сондай-ақ тері мен жүн шығаруға шектеулер қойылған. Бұл шаралар шикізат қорын ел ішінде сақтап қалуды көздегенімен, өндеу өнеркәсібінің әлі де толық әлеуеті қалыптаспағандықтан және импорт көлемінің көптігі және арзан болуы салдарынан, көбінесе отандық өндірушілер өнімін өткізе алмай, шығынға батады.

Мәжіліс депутаты, Аграрлық мәселелер комитетінің хатшысы Еркебұлан Мәмбетовтің айтуынша, еліміздің жер көлемі үлкен болғандымен, халық саны аз, нарық шағын. Сондықтан экспорт тұрақты түрде ашық болуы керек, шектеу қою өндірушілерге, инвесторларға қолайсыз.

– Инвесторларға ең тиімдісі – саланы терең өндеу. Бұрынғырақ бидайды ғана терең өңдейтін еді, қазір бұршақ, құнбағыс өсіру көлемін арттып, оны терең өндеуге инвесторлар қатты қызығушылық танытып отыр. Дегенмен ауыл шаруашылығына, мал шаруашылығына салған қаражатты 10-15 жылда қайтару мүмкін болғандықтан, бұл бағытта тұрақты мемлекеттік саясат керек. Ауыл шаруашылығы ғылымын дамытудың нақты жоспары қажет. Бұл құжат цифрлық технологияларды қолдануға және осы саланың өнімділігін едәуір арттыруға арналған жоспар болуға тиіс. Агрессорға пайдалы болғанда ғана инвесторлар да, кәсіпкерлер де келеді, – деді депутат.

Үкімет Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктеріне айналым қаражатын несиелеу мерзімін екі жылға дейін ұзарту және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің үлесін биыл 70%-ға дейін жеткізу туралы міндет жүктелді. Ал шаруалардың міндеті малды бағу, егінді өсіру болса, оны баптап, қоймаларды сақтап, тұрақты бағада сатылуы мен экспортқа шығуын реттеуге мемлекет араласуы және көмектесуі керек шығар.

«ТАЗА КӨМІР» – ТҰРАҚТЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗІ

Президент Ұлттық құрылтай отырысында энергетика саласындағы созбалаң жобаларды сынға алып, жаңа жылу электр орталықтарының (ЖЭО) құрылысы ұзаққа созылмауы керектігін нақты айтты. Мемлекет басшысы өңірлердегі жылу мен электр тапшылығы халықтың күнделікті тұрмысына тікелей әсер ететінін ескертіп, Үкіметке жобаларды жеделдетуді тапсырған болатын. Әсіресе, Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларындағы жаңа стансалардың тағдырына қатысты сұрақ көп екенін меңзеп, нақты нәтиже қажет екенін атап өтті.

Кәмила ДҮЙСЕН

БАСТАМАНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Осыдан кейін Энергетика министрлігі «таза көмір» технологиясымен салынатын үш жаңа ЖЭО-ның мерзімін жариялады. Жоспар бойынша, Көкшетау ЖЭО-сы 2029 жылдың ортасында, ал Семей мен Өскемендегі стансалар сол жылдың соңына қарай іске қосылуы керек. Қазір үш жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп жатыр.

Бұл бастамаға қатысты энергетика саласының сарапшысы Олжас Байділдаевтің пікірі айқын. Оның сөзінше, мәселе тек жана станса салуда емес, елдің үзкәмерзімді энергетикалық болашағында жатыр.

«2017 жылдың өзінде-ақ мен «таза көмір» болашақтың энергиясы болатынын айтқанмын. Себебі біздегі мұнай қоры шексіз емес. Сарапшылардың болжамына сүйенсек, 2030 жылдардан кейін мұнай өндірісі төмендей бастайды. Ал 2040 жылдары ішкі нарықты толық қамтамасыз етудің өзі күрделі мәселеге айналуы мүмкін. Тіпті, 2050 жылдары Қазақстанның бір кездері мұнай өндіруші ел болғанын ұмытып кетуіміз ғажап емес», – дейді ол.

Маман газ өндірісі әзірге үміт сыйланғанымен, оның да тұрақты шектеулі екенін

еске салды. Кей есептерге қарағанда, 2055-2060 жылдары газ қоры да сарқыла бастайды. Атом энергетикасы бойынша да жағдай түбегейлі шешім бола алмайды. Осындай жағдайда ұзақмерзімді тұрақты ресурс ретінде көмір ғана қалады.

«Көмір қорының шамамен үш жүз жылға жететіні туралы болжам бар. Бүгінде жылына 100 млн тонна мұнай өндірісек, көмір өндірісі 115 млн тоннаға жуықтайды. Демек, көлем жағынан да, қор жағынан да көмірдің әлеуеті әлдеқайда жоғары. Барлық дәстүрлі энергоресурстар азайған кезде елде нақты қолда қалатын ресурс – осы көмір. Әңгіме жай көмір туралы емес, «таза көмір» технологиясы жөнінде. Бұл – әлемде бұрыннан қолданылып келе жатқан тәсіл. Қытай мен Еуропа елдері көмір жағатын стансаларды заманауи тазарту жүйелерімен жабықтап үлгерген. Ал біздегі көптеген ЖЭО-ларда толыққанды тазалау жүйелері жоқтың қасы», – деді Олжас Байділдаев.

Сарапшы сөзіне сүйенсек, Қытайдан тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Онда көмір күлін тек жол құрылысына ғана емес, сирек кездесетін металдарды өндіруге пайдаланады. Себебі Қытай – көмірді ең көп тұтынатын елдердің бірі. Сондықтан олар қалдықтын өзін шикізат көзіне айналдырып, экологиялық таза құрылыс материалдарын да шығарып отыр.

«Әрине, мұндай технологиялардың өз құны бар. Заманауи сүзгі жүйелері, газ тазарту қондырғылары орнатылған ЖЭО-ларда өндірілетін электр энергиясы салыстырмалы түрде қымбат болады. Шамамен есептегенде, оның бір киловатт-сағаты 25-30 теңге көлемінде болуы мүмкін. Яғни, «таза көмір» технологиясы арқылы алынған энергия бағасы атом энергетикасымен шамалас. Сондықтан «таза көмір» туралы айтқанда, оның экологиялық пайдасымен қатар, экономикалық жағын да ескерген жөн. Кез келген жаңа технология белгілі бір инвестицияны талап етеді. Бірақ үзкәмерзімде ол елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен экологиялық тұрақтылығына қызмет етеді», – дейді энергетика саласының сарапшысы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒӘМ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТИМДІЛІГІ

Жаңа ЖЭО жобалары тек үш қаланың жылу мәселесін шешу емес, Қазақстанның келесі онжылдықтардағы энергия қауіпсіздігіне қатысты стратегиялық шешім ретінде қарастырылып отыр. Алайда құрылыс мерзімі, қаржыландыру тетігі және тарифтік салдары қоғам назарында қала бермек.

Энергетика тақырыбындағы талқылауға тәуелсіз сарапшы Жакып Хайрушев те қосылды. Оның айтуынша, қоғамда «таза көмір» ұғымы көбіне қате түсіндіріледі. Сарапшы бұл бағыттың мәнін, экономикалық және экологиялық қырын кеңінен тарқатып берді.

«Бүгінде «таза көмір» деген ұғым көмірден бас тартуды емес, оны жағудың және шығарындыларды тазартудың заманауи, жетілдірілген технологияларын қолдануды білдіреді. Мұнда аса жоғары және ультр аса жоғары қысымды бу параметрлері, айналым қайнау қабаты технологиясы, түтін газдарын терең тазарту, күкірт пен



азотты бөлу жүйелері, жаңа буындағы электрофильдер және жану режимдерін цифрлық басқару тәсілдері қолданылады», – дейді тәуелсіз сарапшы.

Оның айтуынша, жаңа стансалардың басты артықшылығы – тиімділігінің жоғары болуы және зиянды шығарындылардың азаяуы. Бұрынғы ЖЭО-лардың ПӘК-і 32-36% болса, заманауи қондырғылар 42-45%-ға дейін жетеді, яғни отын аз жұмсалып, экологияға салмақ төмендейді. Сарапшы Қазақстанның көмір қоры мол екенін ескерсек, басты мәселе оны пайдаланудың мәдениетінде екенін айтады.

«Қазақстан көмірге бай ел, сондықтан алдағы жылдары көмір энергетикада негізгі ресурс болып қала береді. Мәселе көмірді пайдалану-пайдаланбауда емес, оны қалай тиімді әрі қауіпсіз қолдану. Экологияға түсетін салмақты азайтуға болады: ескі ЖЭО-ларды жаңарту, қазандықтарды заманауи технологияға көшіру, сүзгілер орнату, автоматтандыруды күшейту және отынды үнемдеу қажет. Болашақта көмірқисық газын ұстап, сақтау жобалары да іске асуы мүмкін, бірақ оған қаржы мен технологиялық дайындық керек. Сонымен қатар нәтиже тек техникаға емес, дұрыс басқаруға да байланысты. Энергетика саясатын жүйелеу, ескірген қуаттарды кезең-кезеңімен

тоқтату маңызды. Әйтпесе, «таза көмір» жай сөз болып қалуы мүмкін», – дейді ол.

Жаңа стансалардың тиімділігі туралы сұраққа сарапшы нақты саясатты ұсынды. «Айырмашылық айқын: ескі ЖЭО-ларда жабдық тозған, отын көп жұмсалды және жиі жөндеуді қажет етеді, бұл тариф пен сенімділікке әсер етеді. Ал жаңа стансалар тиімділігі жоғары, автоматтандырылған және отын үнемдейтін жүйелер жұмыс істейді. Соның арқасында пайдалану шығыны азайып, жабдықтың қызмет мерзімі ұзарады. Бірақ бастапқы инвестиция көлемі үлкен болғандықтан, экономикалық пайдасы 15-25 жылда көрінеді», – дейді Жакып Хайрушев.

Ал электр энергиясы бағасына әсері туралы сарапшы асығыс шешім күтпеуге шақырды. Өйткені қысқа мерзімде жаңа станса салу тарифті бірден арзандатпайды, себебі салынған инвестиция қайтарылға тиіс. Алайда орта және ұзақ мерзімде көмір генерациясын жаңғырту бағаны тұрақтандыруға ықпал ете алады. Демек, көмірден бірден бас тарту мүмкін емес, бірақ оны бұрынғы тәсілмен пайдалану да тиімсіз. Ендігі шешім – көмірді заманауи технологиямен игеру емес, әлде энергетикалық саясатты түбегейлі қайта қарау ма – уақыт пен нақты іске байланысты болмақ.

ТЫНЫС

26 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ ДҮБІР: ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ ТҮЙТКІЛІ ШЕШІЛЕ МЕ?



Мал шаруашылығы – қазақ даласының тамыр соғысы, ұлттың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан тірек сала. Оның өркендеуі – тек экономикалық өсім емес, ауылдың қайта тыныстауы, иен жатқан жайлаудың қайта жандануы. Төрт түліктің тұяқ дүбірі елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен әлеуметтік тұрақтылығының кепілі бола алады. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мал шаруашылығын дамытуға баса мән берді. Бұл – ата-баба мирасына адалдық қана емес, ертеңгі молшылыққа жасалған байыпты қадам.

Айхан ШӘРІП

БЕЛЕСТЕРГЕ БАҒЫТ

Тек дәстүрлі кәсіп емес, экономиканың келешегі мол стратегиялық арнасы саналатын салаға Президент айрықша көңіл бөлді. Былтыр күздегі Жолдауында саланың қазіргі «ұятты» ахуалын ашық сынады және нақты міндеттер жүктеді. Алға қойылған мақсаттар ауқымды: мал басын көбейту, экспортты еселеу, ішкі нарықты толықтай төл өніммен қамту. Алайда өршіл жоспарлардың тасасында шешімін таппаған ветеринариялық қауіпсіздік, кадр тапшылығы, импортқа жалтақтау, мүдделер қайшылығы секілді көлденең мәселелер менмұндайды.

– Министрлік мал шаруашылығы саласындағы агробизнесі қолдау жоспарын әзірлеп, нақты қаржыландыру шараларын бастауы керек. Басты мақсат – ішкі нарықты етпен толық қамтамасыз ету. Саланың экспорттық әлеуетін күшейту, елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті. Әрине, өзімізді 100% қамту мүмкін емес, бәлкім, оның қажеті де жоқ шығар. Бірақ нарықтағы қазіргі жағдайды айтудың өзі ұят, – деді К.Тоқаев.

Оның пайымдауынша, дәстүрлі ұлттық өнімдерімізді сыртқы нарыққа белсенді түрде танытып, ілгерілету керек. Десе де, Қытай мен Ресей секілді алпауыттар өз нарығын қорғап, кедергі қоюдан танбай отыр. Сондықтан Президент Үкіметке Еуразия аумағындағы сәуданың әділ болуын нақты айғақтармен талап етуді жүктеді. Ал

депутаттар заңнамалық тұрғыдан отандық өндірушілердің сойылын соғуға тиіс.

Бұл – Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғана емес, бірнеше қузыры органның ортақ шаруасы. Осы іс-қимылды Үкімет басшылығы деңгейінде үйлестіру тапсырылды. Президент қойған міндетті орындау үшін Үкімет жуырда Етті мал шаруашылығын дамытудың бес жылдық кешенді жоспарын бекітті. Соған сәйкес, 2030 жылға қарай ұлан-байтақ даламызда кемінде 12 миллион сиыр жайылып жүруге тиіс. Мұндай көрсеткіш ел тарихында бұрын-соңды болмаған. Демек, мүдде өзгеше тәсіл керек. Бұл өсім негізінен асылтұқымды аналық мал басын шетелден жаппай импорттау есебінен қамтамасыз етілмек.

БҮРЫНҒЫ КАТЕЛІКТІҢ АШЫ САБАҒЫ

Сарапшылар мұндай «аттылы-жаяу» бағдарламалардың бұрын да болғанын, бірақ бағы жаңағанын айтады. 2011 жылы басталған ірі қара еті бойынша экспорттық әлеуетті арттыру жобасы сәтсіз аяқталғаны жасырын емес. Негізгі күш АҚШ, Аустралия, Канада, Ресей, Еуропа елдерінен мал импорттауға жұмсалды. Алайда жеке қосалқы шаруашылықтан ет комбинатына дейінгі тұтас өндірістік тізбек сол бойы қалыптаспады. Әр буын өз бетінше дамыды. Мемлекеттік қолдау негізінен бордақылау алаңдарына бағытталды. Оның соңы тірі мал экспорттымен шектелді. Кейбір «пысықайлар» жатқурттық жануарларға жүздеген миллион теңге субсидия алған соң оны сойып немесе тірелей шетел асырған. Басым көпшілігі Өзбекстанға арзанға өткізілген.

Соның салдарынан ішкі нарықты молықтыратын ет саласы толыққанды құрылмады. Импортты қаржыландыруға орынсыз жұмсалған орасан бюджет шығынын актауға тырысқан жоба авторлары «Қазақстанда асылтұқымды дінгек түзілді» деп есеп берді. Ет бағытындағы ірі репродукторлар құрылып, олар фермерлерге асылтұқымды мал сатып, елдегі ірі қара табынының сапасын жақсарту алатыны алға тартылды.

Енді сол «дінгектің» қайда кеткені беймәлім. Жаңа кешенді жоспар тағы да шетелден мал әкелуге негізделген. Бұл үдерісті қолдауға тағы да қомақты бюджет қаражаты қарастырылған. Сонда 2011 жылдан бері лек-лекпен әкелінген асылтұқымды жануарлар қайда жоғалып кетті? Бұл сұраққа жаңа бағдарлама жауап бермейді.

– Оның орнына 2026 жылғы республикалық бюджеттен шетелден мал сатып алуға несиелендіруге және жайылым инфрақұрылымын дамытуға 350 миллиард теңге бөлу жоспарланған. Бұл ұшан-теңіз қаржы тағы да ұстағанын қолында, тістегеннің аузында кетпей ме? Асылтұқымды малды сатып алушы фермерлерге тек оны бірден соймай, кемі 2 жыл ұстау бойынша қарсы талап бекітілді. Екі жыл ішінде ол сиыр жеткілікті сүт пен сүт өнімдерін беріп те үлгермейді. Бұзау күйінде әкелсе, құнажын жасына жеткенде, алғаш рет қана бұзаулап үлгеруі мүмкін. Егер, әрине қысыр болмаса, – дейді қарағандылық фермер Жасұлан Кенжебаев.



Кешенді жоспарды іске асыру ірі қара мал басын қазіргі 7,9 миллионнан 12 млн басқа дейін, ұсақ малды 20,2 миллионнан 28 млн басқа дейін ұлғайтуды көздейді.

Кешенді жоспардың қалған төрт жылына тағы 1 трлн 400 млрд теңге, яғни жыл сайын 350 млрд теңгеден жұмсау қарастырылған. Бұл қаражат жылдық 6% мөлшерлемедегі несие түрінде таратылмақ. Бірақ сарапшылар жаңа бағдарлама жобасында қаржыландыру нақты сараланбағанына тоқталды. Сондықтан қанша қаражат жайылымға, қаншасы мал сатып алуға жұмсалатыны әзірге белгісіз. Бұл, шамасы, бизнестің кредит алуға берген өтінімдеріне байланысты болуы мүмкін.

Осы соманың жартысы – 900 млрд теңге ірі қара импорттауға жұмсалды деп болжап, бір импорттық асылтұқымды қашардың құнын 1,5 млн теңге деп алсақ, онда бес жыл ішінде елге 600 мың бас асылтұқымды мал әкелінуі мүмкін. Жоспардың түсіндірме жазбасында авторлар 2011 жылы басталған алдыңғы ет бағдарламасынан бері асылтұқымды мал саны шамамен 600 мың басқа артқанын көрсетеді: 2011 жылғы 344 мың

бастан бүгінгі 927 мың басқа дейін. Демек, жаңа бағдарлама – ескі соқпақтың жалғасы болып шықпас па?

САЛАНЫҢ ТАЛМАУ ТҮСЫ – ВЕТЕРИНАРИЯ

Кешенді жоспарға қатысты тағы бір сұрақ туындады: жаңа мал қандай ветеринариялық ортада, қандай инфрақұрылым жағдайында өсіріледі? Президент өз Жолдауында дәл осы мәселеге назар аударғанын. Қанша карантинде ұстағанымен, 2010–жылдары импорттық малмен бірге Қазақстанға бұрын Ұлы далада болмаған көптеген жаңа ауру түрі енді. Бұл онсыз да күрделі эпизоотиялық жағдайды ушықтырды. Елдегі әлжуаз ветеринариялық жүйе бұған тосқауыл бола алмады.

– Содан бері жағдай жақсы жаққа өзгерді ме? Жоқ, қайта кері кетті деуге болады: аса қауіпті індет ошақтары аймақтарда тұрақты түрде тіркеліп, саны да, ауқымы да өсіп барады. Бұған қоса, ветеринариялық жүйеде кадр тапшылығы күшейіп кетті. Жастар бұл кәсіпке қызықпайды, оқу орындары студент таба алмай жатыр. Жалақы төмен болып қалғандықтан, тәжірибелі қызметкерлер де кету үстінде, – делі ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Руслан Асаубаев.

Кешенді жоспарда бұл проблема көрсетіліп, оны шешу жолдары ұсынылған. Атап айтқанда, ветеринариялық зертханаларды жаңғыртуға бес жыл ішінде 5,5 млрд теңге,

ауылдарда ветпункттер мен мал қорымдарын салауа тағы 66 млрд теңге бөлу жоспарланған. Алайда мұндай шаралар бұған дейін де тұрақты түрде жүргізіліп келгенімен, жағдайды түбегейлі жақсарту алған жоқ.

Кадр мәселесіне келсек, ветеринарлардың жалақысын арттыруға және оларды арнайы киіммен қамтамасыз етуге шамамен 70 млрд теңге бөлу ұсынылған. Бірақ бұл шараның тиімділігі де күмәнді: жастар ауылға тек жалақының төмендігінен емес, сондай-ақ инфрақұрылымның дамымауы мен перспективаның жоғынан бармайды. Қазір ветеринарлардың жоғарылайтын мансап сатысы жоқ. Олар кейін жеке ветклиника ашайын десе, талап қатал, клиент жоктың қасы. Саладан білікті мамандарды іріктеп, өзіне тартатын коммерциялық және мемлекеттік ғылыми-зерттеу институттары қайда? Кезінде Ауыл шаруашылығы министрлігі мұғалім, дәрігер үлгісінде «Үздік

ветеринар» төселгісін енгізуді сұрапты, ол да қабылданбаған екен.

Статистика бойынша, ветеринарлардың орташа жалақысы 150–250 мың теңге аралығында ғана. Мұндай жалақыға қазір университет бітірмеген жастар да қызықпайды. Мұның сыртында жұмысы ауыр, күннің ыстығына күйіп, қыстың суығына тоңады. Әрине, кейбір ірі бордақылау алаңдары мен ауқатты фермерлер 600 мың теңге жалақы ұсынады. Бірақ олардың саны аз әрі мықты маманды ғана алады. Мұндай жағдай ветеринар мамандардың тапшылығын ушықтырды.

Соның кесірінен малды сырттан жаппай импорттау кезінде ветеринариялық тәуекелдер сақталады. Қолайсыз эпизоотиялық жағдайда қырылып қалу қаупі бар аймақтарға қымбат импорттық мал әкелудің мәні болар ма екен? Ондай жағдайда фермер малсыз қалып, өтелмеген кредиттің берешегіне батуы мүмкін.

АЛҒА БАСУ ҮШІН АҚША ҚАЖЕТ

Ауыл шаруашылығы министрлігі айтады: мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 39%-ын қамтамасыз етіп отыр. 2025 жылы ірі қара мал 2,4%-ға, ұсақ мал 1,6%-ға шамалы өсті. Сүт өндірісі шамамен 3,8 млн тоннаға құрап, 5%-ға артқан. Ет өндірісінің көлемі 1,2 млн тоннаға жетті, бұл алдыңғы жыл деңгейінен 2,6%-ға жоғары.

Кешенді жоспарды іске асыру ірі қара мал басын қазіргі 7,9 миллионнан 12 млн басқа дейін, ұсақ малды 20,2 миллионнан 28 млн басқа дейін ұлғайтуды көздейді. Сондай-ақ ет өндірісін 1,8 млн тоннаға дейін ұлғайту және оның экспортын екі есеге – 82 мыңнан 165 мың тоннаға дейін көбейту жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров журналистерге санына қаржылай қолдаудың бірқатар бағытында кешенді шаралар ұсынылатынын жеткізді. Біріншіден, барлық ауыл шаруашылығы жануарының асылтұқымды малын сатып алуға жылдық 6%-бен жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы іске қосылмақ. Жыл сайынғы қаржыландыру қажеттілігі 300 млрд теңгені құрайды. Бірақ бюджетте ол қаржының бәрі бірдей қарастырылмаған.

Екіншіден, жайылым мал шаруашылығын дамыту және жайылым инфрақұрылымын қалыптастыру үшін 2026 жылға жылдық 6%-бен 50 млрд теңге бірыңғай жеңілдетілген кредиттік өнім көзделеді. Үшіншіден, жем-шөп дайындау техникасы мен жабдықтарын сатып алуға 5%-бен қаржыландыру енгізілмек. Қажеттілік – 50 млрд теңге.

Төртіншіден, саланы қадірмен қамтуға және мал шаруашылығы қызметкерлері үшін әлеуметтік жағдайын жақсарту шараларына да мән беріледі. Оның қатарында шопандар мен бақташыларға 55 жасқа толған кезде арнайы әлеуметтік төлемдер алу құқығын беру (бұл ерте зейнеткерлікке шығумен бірдей), мамандарға арналған тұрғын үй құрылысына қолдау көрсету және басқа бастамалар бар. Тек ақша мәселесін шешу талап етіледі.

Мал шаруашылығын дамыту – ұлттық мүдде. Бірақ ол құрақ шифрлар мен шетелдік малға үміт артумен емес, төл селекциямыз бен ветеринарияны түзеуден басталса еді. Әйтпесе, «тұяқ дүбірі» емес, «бюджеттің сылдыры» ғана естілмек.

ҚҰС ФАБРИКАЛАРЫНА ҚОЛДАУ КЕРЕК

Құс еті әлдеқашан халықтың көп тұтынатын азық-түлігіне айналды. Тұрмыста да, қонақ күтсек те, мейрамханаға барсақ та көбіне тауық еті ұсынылады. Ірі қара етіне қарағанда қолжетімдісі осы өнім болып тұр. Әйтсе де, құс шаруашылығында да импортқа тәуелділік, баға тұрақсыздығы сияқты бірқатар түйткілдің түйіні әлі тарқамай тұр.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

ТҮТЫНУ КӨЛЕМІ ҮЗДІКСІЗ ӨСІП ЖАТЫР

Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2023 жылы құс етін өндіру 328,6 мың тоннаға құраған. 2024 жылы құс еті өндірісі 358,7 мың тоннадан асып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 9,6 пайызға ұлғайған. Ал 2025 жылдың 10 айында елімізде құс еті өндірісі 360 мың тоннаға жетті. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,2 пайызға артық.

Бүгінде Қазақстанда 36 құс етін өндіретін кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Олардың үшеуі бройлер, үшеуі жұмыртқа бағытында, ал біреуі үйрек шаруашылығы санатында. Қазір отандық нарықтың 82 пайызы құс етімен қамтамасыз етіледі. Әйткенмен, тұтыну көлемі де артып барады. Сол себепті бұл көрсеткіштерге өсте масаттануға болмайтын сияқты.

Құс шаруашылығы бағытындағы шаруалардың тыныс-тіршілігін білу мақсатында кәсіпкерлердің өздеріне хабарласып жағдайды білген едік. Осыған орай «Қармақшы-құс» ЖШС фабрикасының басшысы



Нұрлан Іздібаев өзінің ойымен бөлісті. Ол субсидияға қойылатын талаптар қатаңдағанын, тәуір инфрақұрылымның болмауы, жемнің тапшылығы құс шаруашылығын дамытуға тосқауыл болып отыр деп біледі.

– Біз құс шаруашылығымен айналысып келеміз. Десе де, салада қолбайлаулар жоқ емес. Субсидия ережесі қатаңдап кеткендіктен, қолжетімсіз болып қалды. Қармақшы ауданындағы 14 шақырым жердегі электр қуатының шығынын кәсіпкерлер өтеп отыр. Құс фабрикасын өркендету үшін жем зауытын да жандандыру талабы бар. Сондықтан Қызылорда маңынан жем зауытын салайық десек, жерді берді де, оған жол, су, жарық сияқты инфрақұрылым тартып бермеді. Үйдегі тауық күріштің күрмегін берген сияқты фабрикадағы құстарға кез келген жем қалдықтарын беруге болмайды. Субсидия ала алмағандықтан, несиеге жүгініп, дурыс инфрақұрылымның салынбауынан зардап шегіп отырмыз. Мұндай мәселе құс фабрикасы иелеріне

таңсық емес. Сондықтан мемлекет тарапынан құс шаруашылығын дамытуға арнайы кешенді қолдау қажет, – дейді құс фабрикасының иесі.

Қазақстанға көбіне-көп Ресей, Беларусь, Қытайдан құс еті импортталатыны анық. Тіпті, мұхит асып, АҚШ-тан да құс өнімдері келеді екен. АШМ мәліметтеріне, құс етін халықтың тұтынуы 2022 жылы – 430,8 мың тонна, 2023 жылы – 460,1 мың тонна, 2024 жылы 452,4 мың тонна құраған. Ал былтыр бұл көрсеткіш шамамен 470 мыңға тоннаға жуықтаған. Яғни, халықтың көп тұтынатын әлеуметтік өнімдері қатарына құс еті мен жұмыртқасы әлдеқашан еніп кеткен.

Әйтсе де, Астана қаласының тұрғыны, көпбалалы ана Айнагүл Әбілбек құс етінің құны бұрын етке қарағанда әлдеқайда арзан болғанын еске алып, бүгінде жиі қымбаттап, қалтаға тиімсіз соғып тұрғанын айтады.

– Біздің 4 баламыз бар. Күйеуіміз екеуіміз айлқ алғанда азық-түлікке барамыз. Сөйтіп, қалтаға тиімді құс еті, тауық аяқтары

мен сан еттерін сатып аламыз. Көтерме бағада құс еті келісі 1600–1700 теңге шамасында. Кем дегенде 10 келідей алып, 15–16 мың теңгені жұмсаймыз. Ал қонақ шақырғанда болмаса, сиыр, қой, жылқы етін ала бермейсіз. Тіпті, ет сатып алған күннің өзінде шамалап 5–6 келі ғана аламыз. Өйткені 10–15 келі ет алу үшін кемінде 50–60 мың теңге керек. Супермаркет, гипермаркеттегі қапталған құс еті, оның төс еті, майлы тауық етінің құны 2,5–3 мың теңгеден жоғары. Көпбалалы жанұя болғандықтан, дүкеннен де құс етін алып тұрамыз, бірақ бағасы базардан қымбаттау екені рас. Ен бастысы, азық-түлік себетінің ең көлемді бөлігі саналатын тауық еті мен жұмыртқасы қисапсыз қымбаттамаса екен, – дейді елорда тұрғыны.

СЫРТҚЫ ТӘУЕЛДІЛІКТЕН ҚАШАН АРЫЛАМЫЗ?

Үкімет дерегіне, импортқа тәуелділіктен толық арылу үшін инвестициялық жобалар жүзеге асырылмақ. Былтырдан бастап 2028 жылға дейін құс шаруашылығында жалпы қуаттылығы жылына 241 мың тонна болатын, 167,9 млрд теңге сомаға 8 ірі жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Сонымен қатар Қазақстанды 2029 жылға дейін толық құс етімен қамту межесі де бар. Мәжіліс депутаты Анас Баққожаев құс шаруашылығын дамып, қарқын алып келе жатқанын оң тенденцияға балайды. Дей тұрғанмен, ол қолдан шектеу енгізгенше, сұраныс пен ұсынысты есептеп, мұқтаж отбасылардың әлеуметтік қарточкасын жасап, бағаны реттеуге болатынын алға тартты.

– Біздің ел алдағы 3–4 жылда құс етімен толық қамтылады деген межеге сенемін. Себебі құс шаруашылығының өсімі тез, инвестиция құюға қызығушылық танытып отырғандар көп. Құс фабрикалары, соның

ішінде ет бағыты бойынша толық жұмыс істеп тұр. Бидай азығының молдығынан, жемнің бағасы төмендегенінен арқасында салада серпіліс байқалады. Бастысы, құс бағытына субсидияны тоқтатау керек. Өйткені бір фабриканың өзіне 4–5 млрд, кейде 10 млрд теңгеге дейін инвестициялық субсидия қажет. Жалпы, ет бағытында 15 пайыздық шектеу, кәсіпкерлерді мәжбүрлеу бағаны тұрақтандырмайды. Оған да саланы қолдап, шаруаларға жағдай жасап, ұсыныс пен сұраныс теңгерімін ескеріп дамыту керек. Тіпті, 130–150 пайызға дейін құс етін өндіріп, артылғанын экспорттайық. Сонымен бірге әлеуметтік жағдайы қиын, көмекке мұқтаж отбасыларға азық-түлік қарточкасын беру керек. Бағаны тұрақтандыру қоры, өңірлерде Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы қалағалағанша осындай жаңа әдіспен мұқаж отбасыларды анықтап, кез келген жерде азық-түлік сатып алатындай тікелей көмектескен абзал. Құс еті, сиыр еті, жалпы халық тұтынатын тауарларды шектеп, нарықтың басқа субъектілерінің қолын тұсауға болмайды, – дейді Мәжіліс депутаты.

Әлемде Қытай құс еті өндірісі бойынша көш бастап, жылдық өндірісін 26 млн тоннаға жеткізген. Одан кейін АҚШ 23 млн тонна, Бразилия 16 млн тоннаға дейін құс етін өндіретіне ұқсайды. Біздің ел де қол қусырып отырмаған көрінеді. Жуырда бекітілген Мал шаруашылығын дамытудың 2026–2030 жылдарға арналған кешенді бағдарламасының шеңберінде құс шаруашылығын дамыту, субсидия бөлу, құс фабрикаларына жағдай жасау, инфрақұрылымды жанарту сияқты бағыттар қарастырылған екен. Яғни, бұдан былай құс шаруашылығы қарқын алып, құс еті арзандап, жұмыртқа қолжетімді болып, сала оналады деген үміт мол.

ТАСҚЫНҒА ТОСҚАУЫЛ БАР МА?

Атырау облысында көктемгі су тасқыны қауіпі жыл сайын қайталанатын табиғи құбылыс болғанымен, оның салдары көбіне басқару сапасы мен инфрақұрылымның дайындығына байланысты өрбиді. Биылғы су тасу маусымына дайындық жұмыстары бұл жолы ертерек басталды. Жаға бекіту жұмыстарымен бірге, эвакуациялық пункттерді дайындау, мал айдайтын орындарды белгілеу жұмыстары атқарылуда. Дегенмен негізгі сұрақ – қабылданып жатқан іс-шаралар ұзақмерзімді қауіпсіздікті қамтамасыз ете ала ма?



алдағы қауіптің алдын толық ала бермейді.

ЖЕМ ӨЗЕНІ «ҚЫЗЫЛ» АЙМАҚ

Қазір Жылыой ауданы тәуекелі жоғары аумақтардың бірі болып отыр. Жем өзені мен Құрсай өзекектерінде жалпы ұзындығы 95 шақырым түп терендету жұмыстары жүргізіліп, толық аяқталған. Бөгеттерді нығайту бойынша 68,8 шақырым жоспарланған, оның 79 пайызы орындалды. 24 қантардан бастап жедел штаб құрылып, Жем өзені бойында кезекшілік ұйымдастырылып жатыр.

Жылыой ауданы әкімі Жұмабек Қаражановтың айтуынша, көктемгі тасқында дайындық аясында Бақашы ауылы, Қарағай ауылы және Сарқырауық елді мекені маңындағы гидротехникалық жұмыстар үздіксіз тексерілуде. Қазір су өткізу арналары салынып, жағалаулар бекітіліп, әлсіз учаскелер күшейтіліп жатыр.

Махамбет ауданында Жайық өзенінің жағалауында 17 елді мекен орналасқан. Махамбет ауданы әкімі Қайрат Нұрлыбаевтың мәліметінше, 2024 жылы 116 шақырым қорғаныс бөгеттері салынған. 2025 жылғы тасқын қаупіне байланысты олар қосымша нығайтылды. Сонымен қатар Талдықөл ауылы мен Бейбарыс ауылында жана бөгеттер жобасы бекітілген. Махамбет ауылындағы 4,5 шақырым жағалаудың 90 пайызы аяқталса, қосымша жұмыстар Алға ауылында жүргізілуде.

Дегенмен Жайықтың трансшекаралық өзен екенін ескерсек, оның деңгейі тек жергілікті шараларға емес,

сакталып отыр, тіпті кей тұста күшейген. Сондықтан инженерлік дайындықтың сапасы шешуші мәнге ие. «Жағдай толық бақылауда. Көктемгі кезеңде облыс аумағындағы өзендерде орналасқан 15 гидробекет тәулік бойы жұмыс істейді.

— «Казгидромет» РМК-ның гидробекеттері арқылы келетін су көлемі әр төрт сағат сайын өлшеніп, деректер жедел түрде сарапталады. Бұл өзен деңгейінің өзгерісін уақытылы бақылауға және қауіп төнген жағдайда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Бүгінде Атырау облысы бойынша тасқын қаупі бар 51 елді мекен бақылауға алынды. Бұл аумақтарда шамамен 106,4 мың адам тұрады, — дейді Атырау облысы әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Жұмағазиев.

Осыдан екі жыл бұрын облысты дүрліктірген су тасқыны кезінде

«Атырау — Индер» трассасы жарылып, біраз уақыт көлік қатынасы үзілгені белгілі. Қазір сол атышулы трассаның «Индер — Қарабау» бөлігіне су өткізу құбыры орнатылып жатыр. Сонымен бірге Атырауға келетін «үлкен суды» ұстайды деген Соколок каналы тазартылып, кенейтілуде.

«Былытыр өңірде су тасқыны қаупі жоғары деп танылған аумақтарда 106 шақырым қорғаныс бөгеті көтеріліп, нығайтылған еді. Сонымен бірге өзен арналарын тазартып, түп терендету жұмыстары атқарылды. Бұл жұмыстар негізінен Атырау қаласы мен Жылыой, Қызылқоға, Индер, Махамбет аудандарында жүргізілді» дейді Р. Жұмағазиев.

Алайда сарапшылар мұндай іс-шаралар көбіне «жауап қайтару» сипатында болатынын айтады. Яғни, тасқыннан кейінгі нығайту жұмыстары

Баян ЖАНҰЗАҚОВА, Атырау облысы

15 ГИДРОБЕКЕТ ТӘУЛІК БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, өңірдегі су тасқыны көлемі ең алдымен Жайық, Ойыл, Қиғаш, Жем және Сағыз өзендерінің жоғарғы бассейндеріндегі күзгі ылғал қоры мен қыс мезгіліндегі қар мөлшеріне тәуелді. Соңғы жылдары климаттың құбылмалығы күшейіп, қардың қалың түсуі мен көктемде күрт жылыну жиілеген. Бұл өзендердегі су деңгейінің қысқа мерзімде шұғыл көтерілуіне әкеледі.

Бұған қоса, мұз кептелістері мен нөсер жауын-шашын жағдайды күрделендіреді. Яғни, табиғи қауіп факторлары

ЖОЛДАҒЫ ЖҮЙЕСІЗДІК ЖАНМЕН ӨЛШЕНЕДІ

Ақмола облысында жол мәселесі шешімін таппай тұр. Әсіресе, тоз-тозы шығып, шұрық тесікке айналса да ондаған жыл бойы еш жөндеу көрмей жүдеген жолдың қатары әлі де жетерлік. Бюджеттен миллиардтар шығындалғанымен, іс жүзінде жасалған жөндеудің өзі араға жыл өтпей, таз қалпына түсіп жатқаны жасырын емес.



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Аймақтағы жол құрылысындағы кадр тапшылығының аса өзекті жағдайда қалғанын «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» Ақмола облыстық филиалының басшысы Талғат Қайратхан да ашық мойындады. Филиал басшысының мәліметінше, қазір өңірде жол құрылысы саласы бір мезетте екі бірдей күрделі мәселеге тап болған. Жол жөндеу құрылысына мемлекеттік бюджеттен қомақты қаражат жұмсалып, тиісті техникалармен сакадай сай жабдықталып жатқанымен, білікті кадрлар жетіспей отыр.

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» филиалы басшысының айтуынша, салада тек инженерлер емес, нақты құрылыс аландарында жұмыс істейтін жол шеберлері, сметашы, зертхана, механизатор мен арнайы техника машинистері жетіспейді. Бұл дегеніміз — жолдың нақты сапасына тікелей жауап беретін мамандар. Егер жолдың құрылысын бас сауағындай білетін сапалы әрі білікті маман болмаса, заманауи озық жобалардың да еш нәтижесі болмауы мүмкін.

— Әрине, бүгінде барлық саланы алаңдатып тұрған кадр тапшылығы жол саласында да аса қатты сезіліп тұр. Кадр тапшылығын енсеру үшін орталық оқу орындарымен қатар, мектептермен де жұмыс істей бастады. Тұтас ел көлемінде «2 000 мектеп» профориентациялық акциясы іске қосылып, мамандар оқушыларға жол саласының мүмкіндігін түсіндіруде. Осы мақсатта мамандарымыз білім ордаларына арнайы барып, мектеп

жасындағы жасөспірім балаларға жол саласы кәсібі, карьералық өсу мүмкіндіктері, жалақы деңгейі мен мамандықтың аса қажеттілігі туралы әңгімелейді. Орталық мамандары тек бытырдың өзінде өңірдің 120 мектебін аралап шықты, — дейді Талғат Қайратхан.

Маман тапшылығының алдын алу мақсатында аймақта мамандандырылған колледждермен де жұмыс жүргізу қола алынғаны айтылды. Аталған мақсатта орталық Көкшетау жоғары техникалық колледжімен меморандум жасасып, «Виртуалды жолшы тренажері» атты VR-жабдық берілген. Студенттер осылайша өндірістік процестерді виртуалды ортада пысықтай алуға мүмкіндік алыпты. Бұл жол құрылысы мамандығының технологиялық жана кезеңге өткенін білдірсе керек. Бірақ қандай құрылыс болса да, жауапкершілікті сезінетін мамансыз сапа да мықты болмайтыны тағы рас. Іс жүзінде орталықтың басты міндеті оқыту емес, жүргізіліп жатқан жол құрылысын бақылау. Мұны орталық филиалының басшысы да растады.

— Қызметкерлер республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жол нысандарына күн сайын шығып, жұмыстың толық циклін қадағалайды. Асфальтобетон, қиыршық тас, битумнан сынамалар алынып, зертханалық тексерістер жүргізіледі. Жолдардың тығыздығы, беріктігі стандарттарға сәйкес анықталады. Бұл орайда бақылау нақты уақыт режимінде іске асатындықтан, технологиялық қателік те бірден тіркеледі. Біздің міндетіміз ақауларды анықтап қана қоймай, олардың пайда болуының алдын алу, — дейді Талғат Қайратхан.

Мамандар аймақтағы жол жөндеу жұмыстарын бақылауға алғанымен, жол сапасының сын көтермейтін жағдайға жеткені, тіпті жол жөндеу жұмыстарының да шалалығы айқын байқалған. Бытыр 493 заңбұзушылық анықталыпты. Оның 329-ы жедел түрде жойылғанымен, қалғандары бақылауға алыныпты. Бұл бір жағынан қадағалау жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын көрсетсе, екінші жағынан мердігерлердің мемлекеттік бақылаудан еш тайсалмай жатқанын айғақтаса керек. Тексерістер барысында ең жиі кездесетін кемшіліктер — асфальтобетон төсеу технологиясының сақталмауы, сапасыз материалдарды қолдану, жабын қалыңдығының талапқа сай болмауы, мерзімін кешіктіру.

Филиал басшысы жүйелі түрде талап бұзатын компанияларға қатысты жауапкершілікті күшейту, тіпті лицензиядан айыру мәселесін де көтерді. Өйткені жол — эксперимент алаңы емес. Өңірде кейінгі жылдары аз да болса серпіліс бары байқалады. Бұрын техникасын жалға алып, асфальты сырттан сатып алып, тек уақытша жобалармен шектелетін компаниялар көп болса, қазір олардың қатары біршама азайған. 2022 жылы жүзден астам мердігердің тек 20-сының ғана өз асфальтобетон зауыты болған. Қазір өңірде 33 зауыт және 41 толыққанды мердігер ұйым бар болып шықты. Бұл — сапаға бетбұрыс. Дегенмен бақылау да босансымауға тиіс.

Күрделі жөндеу бірнеше жылға созылса, орташа жөндеу бір маусымда-ақ жүзеге асады. Оның аясында тек жабынды ауыстыру емес, жолды кенейту, жарық орнату, аялдамалар мен қоршаулар қою жұмыстары да жүргізіледі. Мысалы, бытыр Көкшетау мен Зеренді арасындағы жол орташа жөндеуден өтіп, ені 6,8 метрден 11,5 метрге дейін кенейтілді.

Жолдың тез бұзылуына әсер ететін басты факторлардың бірі — ауыр жүк көліктерінің көптігі. 25 тоннадан асатын жүк тасымалына толық тыйым салу мәселесі талай мінберде қаралғанымен, инвестициялық ахуалға кері әсер етпеу үшін одан бас тартылған. Оның орнына автоматтандырылған салмақ өлшеу кешендері енгізіліп жатыр. Қазір облыс аумағындағы республикалық трассаларда — 4, облыстық жолдарда екі кешен жұмыс істейді. Олар көлікті тоқтатпай-ақ, тәулік бойы салмақты тіркей алады. Алайда республикалық жолдардағы жабдықтар әлі де тұрақты режимде жұмыс істей алар емес.

Бір көңілге қонары, бақылау процесі толық цифрландырылған. Барлық дерек электронды жүйеде тіркеліп, инженерлер планшет қолданып, фото және видеофиксация жүргізуге көшіпті. Жол сапасының формуласы қарапайым көрінгенімен, оның орындалуы аса күрделі нәтиже болуды қажет етеді. Рас, өңірдегі жол саласы біршама жаңарып келеді. Бірақ оның болашағы бөлінген қаржы көлемімен емес, талаптың қатаңдығымен өлшенбек.

САНДЫҚ АЛГОРИТМ САНАНЫ ШЕКТЕЙДІ

Әлем елдері балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желі қолдануына қатысты қатаң шешімдер қабылдауда. Мәселен, Аустралия 16 жасқа дейінгі жасөспірімдерге әлеуметтік желіге тіркелуге тыйым салу туралы заңды бекітсе, Еуропаның бірқатар елінде 15-16 жасқа дейін шектеу енгізу бастамалары талқылануда. Түркия, Испания, Словения, Франция секілді мемлекеттер де осы бағытта заңнамалық қадамдарды қарастырды.



Мәдениет және ақпарат министрлігі бұған дейін балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік желілерге қолжетімділігін шектеуге бағытталған заң жобасы 2026 жылдың соңына дейін Парламент талқылауына шығарылуы мүмкін екенін мәлімдеген болатын. Қазір негізгі назар 16 жасқа толмаған қолданушыларға жана аккаунт ашуға шектеу қою мәселесіне аударылып отыр. Бұл ретте жас мөлшерін растау тетігі енгізілуі ықтимал.

Әлеуметтік желінің басты валютасы — адам эмоциясы. Мұнда назар қайда болса, жарнама да сонда ұмтылады. Сондықтан экранға шыққан ақпарат кездейсоқ емес. Өйткені қай дүниеге көбірек көңіліңіз ауса, таспанызда сол жайындағы контент жайлайды. Мұндағы контенттің көбі сезімге құрылған. Қысқа, жылдам видеолар ойлануға уақыт бермейді. Оның кері әсері көп қаралым жинаған дүниенің оқырманға да «дұрыс» болып көріне бастауында. Себебі тобыр көбіне тексермей, трендке еріп кетеді. Ал бұл — ақпаратты сұрыптай алмайтын жас аудитория үшін манипуляцияға ең қолайлы орта.

Басында мұндай тәсілдер тек жарнама үшін қолданылды. Адамның назарын аудару, көбірек қаралым жинау басты мақсат болды. Бірақ уақыт өте келе осы әдіс саясатта да, қоғамдағы түрлі пікірталаста да, тіпті мәдени ортада да кенінен пайдаланыла бастады. Тәуелсіз сарапшы Данияр Әшімбаев бұл тенденцияның экономикалық құбылыстарға да кері әсер етіп жатқанын айтты. Сарапшы бұл тұрғыдан алғанда өткен ғасырдың футурологтары жаңылыс болжам жасағанына назар аудартып отыр. Оның долбарына сүйенсек, адамзат XXI ғасырдың екінші ширегіне аяқ басқанымен, өткен 25 жыл уақытта «бәрі үйлесім тауып, ақыл мен гуманизм үстем болады» деген болжамдардың бос сөз болып шыққанын анық көрсетті.

«Технология көбіне қызмет көрсету мен көңіл көтеруге жұмыс істейді. Бірақ ол салалардың өзінде де баяғы азық-түлік пен тірі адам керек. Қазіргі технология адамға орасан көп ақпарат береді. Шын мәнінде, оның басым бөлігі қажет те емес. Енді сол ақпаратты өңдейтін тағы бір технология пайда болды», — дейді ол.

жоғары ағыстағы жағдайға да байланысты екенін ұмытпау керек.

ҚЫЗЫЛҚОҒА ЖӘНЕ ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНДАРЫ: БІРНЕШЕ ӨЗЕННІҢ ЫҚПАЛЫ

Қызылқоға ауданында 2025 жылы 28 шақырым қорғаныс бөгеті нығайтылды. Қазір Миялы ауылында Ойыл өзенінің 80 шақырымға жоспарланған түп терендету жұмыстарының 65 шақырымы аяқталған.

Сағыз ауылында Ноғайты өзенінің 9,4 шақырым жағалауын нығайту жұмыстарының 90 пайызы орындалған. Құрманғазы ауданында Қиғаш өзенінің 9,1 шақырым жағалауын бекіту көзделген. Дыңғызыл және Көптоғай ауылдарында жұмыстар толық аяқталса, Шортанбай ауылында 85 пайыз орындалған.

Бұл аудандардағы ерекшелік — бірнеше өзеннің тоғысуы және су деңгейінің бір мезгілде көтерілуі ықтималдығы болып отыр. Бүгінде облыс аумағында жүздеген техника мен маман жұмылдырылған. Арналар терендетіліп, бөгеттер күшейтіліп жатыр. Осал учаскелер анықталып, қосымша қорғаныс шаралары қабылданауда.

Әзірге жағдай тұрақты. Алайда негізгі сынақ — көктемгі қардың жаппай еру кезеңі. Жалпы алғанда, атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды және кешенді сипатқа ие. Бірақ су тасқыны қаупін толық жою мүмкін емес. Мәселе — оның салдарын барынша азайтуға.

Егер дайындық тек маусымдық науқан ретінде емес, ұзақмерзімді өңірлік қауіпсіздік стратегиясының бөлігі ретінде жүзеге асса, Атырау облысы алдағы жылдары тасқын қаупін айтарлықтай төмендетеді алады. Ең бастысы — инженерлік сапа, ғылыми болжам және басқарудағы жауапкершілік қатар жүруге тиіс.

СПОРТ STYLE

26 АҚПАН 2026 | БЕЙСЕНБІ



ТАЛПЫНЫС пен ТОҚЫРАУ: ҚЫСҚЫ СПОРТТАҒЫ ҚЫСҚА ҚАДАМ

Тәуелсіздік жылдарынан кейін шаңғы, биатлон жарысынан Владимир Борцов, Алексей Полторанин сынды үлде мен бұлдеге бөлеп жүрген спортшыларымыздың ізін жалғағандар жоқтың қасы. Тіпті, бұл спортта құлдырау бар десек жаңылмаймыз. Оған дәлел – Италияда өткен қысқы Олимпиадада 1,5 шақырымдық шаңғы жарысында қар мүлде жаумайтын Гаити, Нигерия, Бразилия, Таиланд секілді елдердің өкілдерінен артта қалдық. Жылдың 6 айын қыспен өткізетін біздер үшін өте нашар нәтиже.

Осы ретте Норвегияда 1994 жылы өткен қысқы Олимпиадада еліміздің көк байрағын желбіреткен Владимир Смирнов шаңғышыларымызға өз бағасын берген еді. Оның айтуынша, шаңғы спортына дұрыс көңіл бөлінбей жатыр.

– Әлбетте, мен де жаман баға берер едім. Бұрынғы Олимпиадаларда нәтижелер әлдеқайда жақсы болған еді. Қазір елде шаңғы спорты түрлері тұралап тұр. Басты себеп аз уақыт бөлінуі деп ойлаймын. Әсіресе, қысқы спорт түрлерін

Төрткүл дүние көз салған қысқы Олимпиада да соңына жетті. Италияның таулы аймағы Кортинада өткен додада сүрініп те, қобалжып та, қуанып та үлгердік, үлкен тарихи жұлдеге де қол жеткіздік. 90-ға жуық елдің арасынан 19-орынға тұрақтап, тарих сахнасына алтын әріптерімізді жазып кеттік десек, артық емес. Алайда ішті ашытқан мәселелер жоқ емес. Негізінде, 36 спортшымыз аттанған жарыстан тек бір медальмен қайтқанымыз өте нашар нәтиже. Мұның сұрауы бар ма? Қаншама қаржы жұмсаған қысқы спортымыздың ахуалы осы болғаны ма?

АЛТЫН ЖЫРТЫҚКА ЖАМАУ БОЛМАЙДЫ

Михаил Шайдуровтың алтыны бүкіл қазақ елінің төбесін көкке көтергені рас. Сонау жылдан бері алтын ұстау бақыты осы Мишабайға бұйырыпты. Тек біз ғана емес, әлем жұрты үлкен таңданыспен Мишаның жеңісіне ерекше қолдауын білдірді. Михаил болмағанда қай орынға жайғасатынымызды кім білсін?! Тіпті, күміс, қоласы екі есе қарсыластарымыз бізден жоғары көтеріле алмады. Алтынның құдіретін, міне, осындайда байқайды екенсің. Бірақ спорт анализі Айдос Рымқұлдың сөзінше, бір Олимпиаданы бір алтынмен өлшеу әділетсіз.

– 94 елдің ішінде 19-орынды жаман көрсеткіш деп айту дұрыс болмас еді. Оның үстіне қысқы Олимпиададағы кейінгі алтынның бұдан 32 жыл бұрын алынғанын ескерсек, бұл белгілі бір деңгейде нәтиже бар екенін көрсетеді. Бірақ бір ғана алтын медальға сүйеніп, бүкіл құраманың жұмысына «жақсы» не «жаман» деп үкім шығару – үстірт көзқарас. Команданы бағалау үшін әр спорт түріне жеке үнілу керек. Кей бағыттарда расымен де регресс бар, ал кей салаларда, керісінше, ілгерілеу байқалады. Біреуінде жас буын өсіп келеді, біреуінде тұрақтылық жоқ. Сондықтан бәрін бір алтынмен өлшеу – әділетсіз, – дейді ол.

Ендігі нәтиженің бәрі көз алдымызда. Спорт сарапшысы Анық Көкенайұлы өзіннің бір сөзінде Михаилдың алтынын «барлық жыртыққа жамау қылдырғанды қою керек» деді. Оның айтуынша, «үздік ондыққа кірдік», «үздік жиырмалықта болдық», «жеке рекорд жаңарды», «финалға шықтық» деген жұбату сөздермен қоғамды алдаусыратуды доғару керек.

– Иә, спортшы үшін бұл – жеке жетістік болуы мүмкін. Бірақ ел қаржысы жұмсалған соң, жанкүйер де, салық төлеуші де нақты нәтиже күтеді. Әсіресе, Олимпиада деңгейінде «қатыстық», «тәжірибе жинадық» деген тіркестер көңілге медеу бола алмайды. Әр спорт түрі бойынша ашық әрі нақты есеп берілуге тиіс: қай бағытта өсім бар, қай жерде құлдырау бар? Неге кей құрамалар төрт жылда алға жылжыды, ал кейбірі орнында қалды? Қоғамға жаппылама емес, шынайы талдау керек. «Финалға жеттік» деген бір ауыз сөзбен емес, сол финалда неге жұлде болмады деген сұраққа да жауап берілуге тиіс. Сонда ғана спорттағы жүйелік мәселелер ашылады, сонда ғана даму туралы әңгіменің шынайы салмағы болады, – дейді спорт сарапшысы.

КЕЙ СПОРТТА ҚҰЛДЫРАУ БАР

Бұған дейін газетімізде шорт-трек спортының құлділді құлдырағанын жазған едік. Одан бөлек, осы қысқы Олимпиада да оң жамбасымызға келеді-ау деген спорт түрлерінен мақұрым қалдық.

бұл нәтиже қуанышпен қатар «әттеген-ай» дегізеді. Өкінішке қарай, қалған спорт түрлерінде айтарлықтай табыс байқалмады. Жалпыкомандалық картинаға қарасақ, біз бұл Олимпиадада айқын басымдық көрсете алмадық, – дейді ол.

КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМА ЖОҚ

Үшінші олимпиада қатарынан «неге жұлде жоқ, нәтиже неге төмен?» деген сұрақтар айтылып келеді. Бір алтынға қарық болып, соның көлеңкесінде қалдық. Не дегенмен қыруар бөлінген қаражаттың бір алтынмен ақталмайтынына бәрі куә.



94 елдің ішінде 19-орынды жаман көрсеткіш деп айту дұрыс болмас еді. Оның үстіне қысқы Олимпиададағы кейінгі алтынның бұдан 32 жыл бұрын алынғанын ескерсек, бұл белгілі бір деңгейде нәтиже бар екенін көрсетеді. Бірақ бір ғана алтын медальға сүйеніп, бүкіл құраманың жұмысына «жақсы» не «жаман» деп үкім шығару – үстірт көзқарас.

дамытудың дұрыс бағыты жоқ. Мұндағы басты нәрсе – қыста әр спорт ерекше жағдайды талап етеді. Шаңғы жарыстары, биатлон, тау шаңғысы секілді қысқы спорт түрлерінің әрбіріне жеке стадион, жеке трасса қажет. Тиісінше, білікті бапкерлер мен техпрсонал да ауадай қажет. Ал бұл бізде жетіспейді. Жазғы спорт түрлерін жанына серік еткендерге кез келген уақытта дайындалуға оңайырақ, себебі бір стадионда балуандар да, боксшылар да жаттыға алады. Жеңіл атлет те, ауыр атлет те сонда шыныға алады. Олардың бәрі бір стадионның радиусында шеберлігін шындай алады. Оларға анау айтқандай үлкен жағдай қажет емес. Ал қысқы спортта жағдай тіпті бөлек. Мұнда спорт инфрақұрылымы дамымаса, жаттығу қиын. Барлығы балаларға да бейімделген болуы керек. Бапкерлер бір орында тұралап қалмай, үнемі біліктілігін арттыруға тиіс. Бізде осы нәрсе жетіңкіремейді, – дейді Владимир Смирнов.

Спорт сарапшысы Анық Көкенайұлы да чемпионның сөзін қостап отыр. Оның ойынша, осы додада әттеген-ай дейтін жерлеріміз көп болды.

– Бұрын фристайлдан үміт бардай көрінетін. Әсіресе, өткен циклдарда бұл бағытта қозғалыс бар сияқты еді. Алайда осы жолы құраманың нәтижесі көңіл көншітпеді. Тұрақтылық жетіспеді, шешуші сәтте батылдық пен шеберлік толық ашылмады. Ал трамплиннен секіруде үміт отын жакқан бір сәт болды. Жас спортшымыз Илья Мизерных аралық кезеңде тіпті көш бастап, жанкүйерлерді елен еткізді. Дегенмен дәл сол сәтте медаль үшін таласуға мүмкіндік болғанын ескерсек,

– Негізінде, біз ең бірінші қысқы спортқа аса жоқпыз. Бірақ бұл біздің қолымыздан келмегендіктен емес, арнайы кешенді бағдарламаның жоқтығынан. Оны бұған дейін айттық. Қысқы спорт қана емес, жалпы спортқа келгенде бізде кешенді бағдарлама мүлде жоқ десе де болады. Кез келген шенеунік ұзақмерзімді бағдарлама жасаса дейсін. Онымен қоса, әр елдің белгілі бір спорт түріне икемі болады. Кез келген ел соған сай әрекет етуде. Әркім өздері қолдарынан келетін спортты дамытуда. Осы жағынан қалыс қалып келеміз. Нәтиже береді-ау деген спортқа басымдық беріп, қаржыны да соған сай бөлу керек. Қыс болды деп барлығына тең қарап, ақша шашып, Олимпиададан медаль алмайтынын біле тұра жұлде күтудің керекі жоқ. Келесі Олимпиадаға дейін уақыт пен қаржы бар. Соны тиімді пайдаланып, бір емес, бірнеше жұлде алсақ жаман болмас еді, – дейді Анық Көкенайұлы.

Иә, дәл осы ойды Олимпиада чемпионы Владимир Смирнов та қолдап отыр. Оның айтпағы, еліміздегі әр аймақтың спортына ерекше көңіл бөлсе екен дейді.

– Әр спортты жеке қарау керек. Тағы бір айта кетерлігі, аймақтарды белгілі бір спортты дамытуды міндетті етіп қойса, жақсы болар еді. Мысалы, «мына аймақ тау шаңғысын дамытуға жауапты», «ал мына бір аймақ конькишілерді баптауға жауапты болсын» деп аумағы кең елімізді спорттық аймақтарға бөлсе деймін. Әр аймақ белгілі бір спортты дамытуға жауапты болса тиімді болар еді. СКО, Ақмола, Павлодар, Өскемен секілді облыстарда шаңғы, биатлон, тау шаңғысы, коньки спортының дамытуды басты назарда ұстау керек. Түркістан облысынан шаңғышыны баптап шығаруға тырысудың қажеті жоқ. Ол облыс өзінше мықты, – дейді Олимпиада чемпионы.

Қорытындылай айтқанда, сарапшылар не айтса да дөп айтты. «Үздік ондық», «тәжірибе жинадық» деген жұбату сөздер бізге медаль алып келмейді. Егер расымен қысқы спортта бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, жүйені қайта қарап, нақты реформаларға бару қажет.

ЖАС ХОККЕЙШІЛЕР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Канаданың Квебек қаласында жасөспірімдер арасында хоккейден Quebec International Pee-Wee Hockey Tournament 2026 атты ірі халықаралық турнир өз мәресіне жетті.



Қазақстандық Astana Team командасы турнирдің екінші деңгейлі AA Elites дивизионында чемпион атанды. Қазақстан атынан қатысқан құрамға «Торпедо», «Астана», «Юность» клубтарының ойыншылары, сондай-ақ «Тайгерс Алматы» мен «Михайлов академиясынан» бір-бір хоккейшіден енді. Бір жыл бұрын дәл осы жас санаты мен дивизионда қазақстандық команда күміс жұлдеге ие болған еді.

Топтық кезеңдегі барлық матчта жеңіске жеткен Astana Team плей-оффқа сенімді түрде жоллама алды. Ширек финалда алаң иелері Quebec Nordiques командасын 3:1 есебімен ұтты. Жартылай финалда Quebec Remparts ұжымынан 2:1 есебімен басым үсті. Ал финалда Noir d'Or des Montagnes командасымен өткен тартысты кездесуде буллит сериясында 4:3 есебімен жеңіп, турнир чемпионы атанды.

Quebec International Pee-Wee Hockey Tournament – жыл сайын Канадада өтетін жасөспірімдер арасындағы халықаралық хоккей додасы. Турнир ВВ, АА, АА Elites және ең жоғары ААА дивизиондарына бөлінеді.

Astana Team екінші деңгейлі дивизионда топ жарып, келесі маусымда ААА санатына көтерілу мүмкіндігіне ие болды. Жоғары дивизионға өту туралы шешімді турнирдің ұйымдастыру комитеті қабылдайды. Команда бұл турнирге екінші жыл қатарынан қатысып отыр. Олар 2024 жылы Францияда өткен іріктеу додасында жеңіске жетіп, алғаш рет АА Elites дивизионына жоллама алған еді.

РЕЙТИНГТЕ ЖОҒАРЫ КӨТЕРІЛДІ

Теннистен Қазақстан әйелдер құрамасының жұптық сындағы көшбасшысы Анна Данилина WTA әлемдік рейтингтегі орнын жақсартты.



Жанартылып тізімде қазақстандық теннисші бір саты жоғарылап, қазір алтыншы орында тұр. Бұл – оның мансабындағы ең үздік көрсеткіш.

Елена Рыбакина әлемдік рейтингте үшінші орнын сақтап қалды.

Сондай-ақ үздік ондықтың қатарында Александр Бублик те бар. Ол онының орынға тұрақтады.

ӘЛЕМ КУБОГЫНДА ОЛЖАЛЫ БОЛДЫҚ

Қазақстан конькимен жүгіруден әлем кубогы кезеңінде 13 медаль жеңіп алды. Оның алтауы алтын.

Германияның Инцель қаласында конькимен жүгіруден жасөспірімдер арасында әлем кубогының кезеңі аяқталды. Аталған байрақты бәсекеде ұлттық құрама 13 медаль жеңіп алды. Кристина Шумекова 1 000 және 3 000 метр қашықтықтарда топ жарды. Нео-сеньорлар арасындағы 1 000 метрде жұлделер толықтай қазақстандық спортшыларға бұйырды. Инесса Шумекова бірінші орын алды, Дарья Важенна екінші болды, ал Алина Дауранова үздік үштікті түйінделді.

Сондай-ақ Қазақстан (нео-сеньорлар) әйелдер арасындағы командалық спринтте жеңіске жетті.

Андрей Семёнов 1 000 метрде (нео-сеньорлар) күміс жұлдеге ие болды. Ал әйелдер арасындағы командалық спринтте Қазақстан жасөспірімдер құрамасы екінші орын алды.



Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4710
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,